



АҚОРДА

ӘЙГІЛІ СПОРТШЫҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ақордада әйгілі альпинист Ерванд Ильинскийге жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.



Мемлекет басшысы Қазақстан мен әлем альпинизмінде аты аңызға айналған тұлғамен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізді.

– Өзіңіздің зор қажыр-қайратыңыз бен аса жоғары кәсібилігіңіздің арқасында Қазақстан Республикасының көк Туы Жер шарының асу бермес асқарларында желбіреді. Әлемнің ең биік нүктелерін бағындырған тәжірибелі шыңға өрмелеуші, халықаралық турнирлердің жеңімпазы ретінде дүниежүзіне даңқыңыз жайылды. Эверестке шығып, белделді «Жеті шын» клубына мүше болған алғашқы қазақстандық атандыңыз. Сізді елімізде альпинизм мектебінің негізін қалаушы ретінде құрметтейді. Отандық мектеп Қазақстанның жаһандық брендіне айналды. Талап пен тәртіпті қатар қоятын талантты бапкерден бір шоғыр альпинист-спортшылар тәлім алды. Олардың қатарында әлем рекордын жаңартқан, чемпион атанған, халықаралық альпинизм қозғалысының элитасына кірген мықтылар баршылық. Бапкерлікпен шұғылданған уақыт ішінде жүзден астам спорт шеберін даярладыңыз. Шәкірттеріңіздің арасында халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, тіпті еңбек сіңірген спорт шеберлері де бар. Сіздің жетекшілігіңізбен Қазақстан құрамасы әлемде бірінші болып биіктігі 8 мың метрден асатын барлық 14 шыңға шықты. Мұның өзі бірегей жетістік саналады. Спортшыларымыз альпинизмнің сіз қалыптастырған даңқты дәстүрін жалғастырып, көптеген халықаралық сайыстан табысты оралып жүр, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерванд Тихоновичтің асыл қасиеттері

мен адамдарға, әсіресе, альпинистерге деген шынайы қамқорлығын жоғары бағалады.

– «Адам өмірі ең жоғары спорттық жетістіктерден құнды» деген теңеуіңіз альпинистер арасында қанатты сөзге айналып кетті. «Альпинизм – адам мен табиғат арасындағы шахмат ойыны» деп дәл айтқаныңыз. К2 (Чогори) шыңын бетке алған команданың алай-түлей боранға тап болғаны мәлім. Сол сәтте шыңның ұшар басына қол созым жер қалғанына қарамастан, кері қайттыңыз. Мұндай шешім қабылдау оңай емес. Осыдан-ақ дана, мейірбан жан екеніңізді аңғарамыз. Жетістік пен жеңіске ешқашан масаттанған емессіз. Бәріне белгілі, үйреншікті бағыттармен жүргенде де сақтықты ұмытпадыңыз. Кез келген жорыққа осылай тыңғылықты дайындалу даңқты альпинист, спортшы, тәлімгер ретінде сіздің «төлқұжатыңызға» айналды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде альпинизмді насихаттауда Ерванд Ильинскийдің орасан жұмыс атқарғанын атап өтті.

– Асқар шындарға құштарлық, тауға шығу – әуестік қана емес, қоршаған ортаны қастерлеп, ластамауға үндейтін айрықша экологиялық өмір салты. Жаңа Конституцияда көрініс тапқан табиғатты аялау, экологиялық мәдениет және тазалық қағидаттары ұлттық болмысымызбен біте қайнасып кетуге тиіс. Тау табандылыққа, тәртіп пен жанашырлыққа үйретеді. Биікке көтерілген адам рухтанады. Дәл осы себепті альпинизм мен тау туризмін нағыз өмір мектебі деп атауға болады. Ол мықтыларды шындайды, өз ортаңда жауапты болуға баулиды. Бұл

мәдени әрі психологиялық феноменді барынша қолдап, оны жастар тәрбиесінде пайдалануымыз керек. Үкіметтің, салалық министрліктің алдында альпинизмді спорт және заманауи тау туризмінің бір түрі ретінде жан-жақты дәріптеу міндеті тұр. Мемлекет пен демеушілердің қаржысын тарта отырып, нақты іс-қимыл бағдарламасын әзірлеу қажет. Мемлекет бұл өзекті міндетті шешуді қолға алады, оған тиісті назар аударылады, – деді ол.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ерванд Тихоновичтің ғұмыр жолын жасампаз патриотизмнің, айрықша жанқиярлық пен аса жоғары кәсібиліктің жарқын үлгісі деп санайды.

– Жастар табанды әрі өнімді еңбек әрдайым лайықты бағасын алатынын көруге тиіс. Табыстың оңай келмейтінін түсінгені жөн. Еңбек – бәрін жеңбек. Мейлі, спортта, бизнесте, білімде, ғылымда, далалық жұмыста не зауытта болсын, өз ісіне шын берілген, көздеген мақсаты айқын адамдар өмірлік мұратына жетеді. Құрметті Ерванд Тихонович Ильинский сияқты азаматтар – қоғамның тірегі, ерлік пен еңбекқорлықтың, төзімділіктің жарқын үлгісі. Сондықтан мен сізге альпинизмдегі аса үздік жетістіктеріңіз, сондай-ақ ел спортының дамуына қосқан елеулі үлесіңіз және белсенді қоғамдық қызметіңіз үшін жоғары ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылдадым. Осы награданы өзіңізге зор құрметпен тапсырамын. Ерванд Тихонович, сізге мықты денсаулық, бақ-береке, мол табыс тілеймін! Альпинистер арасында «Өзіңізді сақтаңыз!» деген сөз жиі айтылады. Сізге және жаныңызда жүріп, серік болған шәкірттеріңізге осы тілекті арнағым келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ерванд Ильинский атқарған қызметіне жоғары баға беріп, отандық альпинизмге айрықша көңіл бөлгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Мұны Қазақстан альпинистер қауымы жеткен жетістіктердің мемлекет деңгейінде танылуы деп түсінемін. Шын мәнінде, біздің табысымызды шетелдік альпинистер де мойындайды. Осыған куә болғанымға қуаныштымын, – деді ұлттық құраманың тәлімгері.



ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

2025 жылы мемлекеттік қолдау шараларының арқасында шаруалар шамамен 25 мың бірлік заманауи техника сатып алып, ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту деңгейі 6,5%-ға жетті. Ал тыңайтқыштарды енгізу көлемі 2,3 млн тонна деңгейінде жоспарланған. Биыл көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жеңілдетілген несиелеуге 700 млрд теңге қарастырылған.

→ 6

ЖОЛДАҒЫ ЖАЗАСЫЗДЫҚ: САНА МЕН ЖҮЙЕ СЫНАЛҒАН СӘТ




Талдау көрсеткендей, апатқа кінәлі болған жүргізушілердің 81%-ы бұған дейін де жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін бірнеше рет жазаға тартылған! Бұл қайталану деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Мәселен, ШҚО-да бір жүргізуші бір жыл ішінде 32 рет ереже бұзыпты.

→ 4

ӨКПЕ ДЕРТІ ӨРЕКПІМЕСІН

Елімізде туберкулездің алдын алу, ерте диагностикалау және емдеу тегін жүреді әрі халықаралық стандарттарға сай заманауи әдістер қолданылады. Сырқаттың алдын алудың баламасыз құралы – вакцинация. Бала дүниеге келгенде, туберкулезге қарсы иммунитетті дамытуға мүмкіндік беретін БЦЖ вакцинасын салу және 6-7 жасында қайта вакцинациялау аурудың дамуына қарсы тұрып, туберкулездің ауыр түрлерінен қорғайды, бұл да ақысыз негізде жүргізіледі.



→ 10

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – БАСЫМ МІНДЕТ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда халықаралық хаттамалар ратификацияланып, депутаттық сауалдар жолданды.

Күн тәртібіне сәйкес, сенаторлар «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» және «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңдарды қарап, мақұлдады. Талқылау кезінде аталып өткендей, хаттамаларды ратификациялау мемлекетаралық деңгейде алимент өндіріп алу рәсімін жеңілдетеді. Құжаттар сот бұйрықтарын

сөзсіз тануды және орындауды қамтамасыз етуге арналған. Бұл шара конвенцияларға қол қойған елдердің құқықтық өрісі шеңберінде балалардың құқықтарын, оның ішінде материалдық мүдделерін неғұрлым тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

«Қаралған хаттамалар конвенцияларға қосылған елдерде балаларға алимент өндіріп алу тетіктерін жетілдіруді көздейді. Осы мақсатпен сот бұйрықтарын тану бөлігінде қажетті түзетулер енгізіліп отыр. Бұл түзетулер балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тиімділігін арттырады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАРАЛАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста депутаттарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметі мәселелері бойынша бірқатар заңнамалық актіге енгізілетін түзетулерді бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Тиісті заң жобаларына салалық заңнаманы жетілдіру мақсатымен депутаттар бастамашы болды. Олардың ережелері мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылымдар қызметінің тиімділігін арттыруға, құқық қолдану практикасы барысында анықталған құқықтық олқылықтарды жоюға, сондай-ақ нормаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруге бағытталған.

Бұдан бөлек, депутаттар Қазақстан мен Халықаралық валюта қоры арасындағы Кавказ, Орталық Азия және Моңғолия үшін әлеуетті дамыудың өнірлік орталығына қатысты өзара түсіністік жөніндегі меморандумды қарайды. 2024 жылғы 23

қазанда Вашингтонда қол қойылған құжат Алматыда орналасқан орталықтың жұмысын реттейді. Бұл орталықтың бағдарламалары бенефициар елдерде (Қазақстан, Армения, Әзербайжан, Грузия, Қырғызстан, Моңғолия, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) мықты институттар құруға, макроэкономикалық талдау, ақшанесие және бюджет саясаты, қаржылық реттеу және қалағалау, макроэкономикалық статистика мәселелері бойынша мемлекеттік органдар қызметкерлерінің кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамытуға және арттыруға ықпал етуге бағытталған.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» кодекске түзетулер енгізу және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу сынды жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдау жоспарланып отыр.

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Отырыс барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатымен әзірленген, Алатау қаласының тұрақты дамуы үшін жаңа құқықтық әрі экономикалық жағдайлар жасауға бағытталған Конституциялық заң жобасы екінші оқылымға пысықталған нұсқада қаралды.

«Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» заң жобасы бойынша негізгі баяндаманы Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов жасады.

— Екінші оқылымға дайындау барысында Бірлескен комиссия Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мен тұрақты комитеттерінің ұсыныстарын қарап, жан-жақты талқылады. Депутаттардың түзетулері бойынша, біріншіден, заң жобасының нормалары жаңа Конституция ережелеріне сәйкес келтірілді. Заң жобасының атауы енді «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы болып өзгертілді, — деді.

АЛАТАУ ҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ



Оның айтуынша, арнаулы құқықтық режимді қолдану тетіктері нақты айқындалды. Соның ішінде қаланың даму перспективаларын ескере отырып, оны қала маңындағы аумақтарда да қолдану мүмкіндігі нақтыланды.

Құжатқа кәсіпкерлік қызметті реттейтін «Алатау қаласының басым салалары», «бизнес-лицензия», «реттеуші рұқсат» және «салықтық преференция» сынды жаңа ұғымдар енгізілді. Қаржылық орнықтылық пен ашықтық қағидаттары

күшейтіліп, инвестициялық міндеттемелер мен берілген жеңілдіктер туралы мәліметтерді ашық түрде жариялау міндеттелді.

Баяндамашы цифрлық бастапқылық қағидатын жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды. Депутаттардың түзетулері арқылы қала шаруашылығы салаларына, соның ішінде абадтандыру, инженерлік, көлік және тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік жүйелеріне қатысты барлық дерек бірыңғай

цифрлық платформада жинақталады деп бекітілді.

Сонымен қатар кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқығын қорғау кепілдіктері күшейтілді. Атап айтқанда, Алатау қаласында бизнес субъектілерін тексеруді тек Бас прокуратура органдары жүзеге асыратыны қарастырылған. Бұдан бөлек, депутаттар салықтық преференцияларды басқа өңірлердегі қолданыстағы бизнесті өндірісті ішінара көшіру арқылы қолдауға жол бермейтін түзетулер енгізді.

Сондай-ақ заң жобасы бойынша бюджет қаражатының жұмсалыуына бақылау күшейтілді. Оның ішінде бюджеттің атқарылуы мен қаланың дамуы туралы есептерді міндетті түрде жариялау, сондай-ақ оларды Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның Парламентке ұсынатын жыл сайынғы есептерінің құрамына енгізу қарастырылған.

Нұртай Сабильяновтың айтуынша, құжатта сондай-ақ әкімшілік пен жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі, әкімшілік актілерге шағымдану тәртібі нақтыланып, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін қалалық ортаның қолжетімділігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғауды күшейту шаралары көзделген.

Қосымша баяндама жасаған Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев бұл заң Алатауды дамыту үшін елімізде бұрын қолданылмаған жаңа тәсілдерге негізделген құқықтық база қалыптастыратынын атап өтті.

Бірлескен отырыс қорытындысы бойынша депутаттар «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

БАҒДАР

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ПАРТИЯ ЖОБАЛАРЫ ЕЛ АЗАМАТТАРЫН КӨПТЕП ҚАМТУДА



Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен кеңесте партияның негізгі жобаларын жүзеге асыру нәтижелері талқыланды. Бүгінде партия адамды және оның нақты қажеттіліктерін басты орынға қоятын жүйелі сервистік модель қалыптастыруда. Партиялық жобалар қазірдің өзінде миллиондаған азаматты қамтып, қарыз жүктемесін азайту, жұмыспен қамту, жерге қол жеткізу және қала мен ауылдағы тұрмыс сапасын жақсарту мәселелерін кезең-кезеңімен шешіп келеді.

Халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұрақты назарында. Осыған байланысты партия «Қарызсыз қоғам» жобасын жүйелі түрде дамытып, төртінші жыл қатарынан жүзеге асырып келеді. Жоба басталғаннан бері 1,7 миллионнан астам адамға қаржылық сауаттылық және берешектерді

реттеу мәселелері бойынша көмек көрсетілді. Былтырдың өзінде жоба аясында 862 мың азамат қамтылып, олардың 422 мыңнан астамы қарызын қайта құрылымдай алды, 258 мыңнан астамының есепшоттарынан бұғаттау алып тасталды, ал шамамен 145 мың адам кешенді консультациялар алды. Қатысушылардың басым бөлігі — әйелдер мен көпбалалы отбасылар.

Сонымен қатар «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында 14,2 миллион гектардан астам ауыл шаруашылығы жері мемлекет меншігіне қайтарылды, ал ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында қайтарылған учаскелер туралы ақпаратқа ашық қолжеткізуге болатын jerkarta.gharysh.kz геосервисі іске қосылды. Солай бола тұра, Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумында атап өткендей, негізгі міндет — жер қайтару ғана емес, оны тиімді игеру. Осыған байланысты жобаның басымдығы қайтарылған жерлерді әділ бөлуге, тұрақты шаруашылық айналымға енгізуге және тағы да игерілмей, бос қалуына жол бермеуге бағытталды.

Келесі қадам — осы база негізінде орнықты экономикалық

модель құру. Дәл осы тұста «Ауыл аманаты» партиялық жобасының мәні мен маңызы айқындалады. Бұл жоба Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Оның басты міндеті — тек ауыл тұрғындарына қолдау көрсету ғана емес, кооперация, өңдеу және өнімді кепілді өткізу арқылы толыққанды табыс жүйесін құру. Алғаш рет 2,2 мың ауылдық округте экономикалық скрининг жүргізіліп, олардың бағдары айқындалды, тың серпін беретін бағыты мен жеке қосалқы шаруашылықтардың әлеуеті анықталды. Ел аумағында өнімді сақтау және өңдеу инфрақұрылымы бар шағын өнеркәсіптік аймақтар құру мақсатында 103 локация белгіленді. Нәтижесінде, жер беру мен жеңілдетілген қаржыландырудан бастап кооперативтерге біріктіру, оқыту және нарыққа шығаруға дейінгі толық тізбек қалыптасуда. Бүгіннің өзінде жоба жаңа жұмыс орындарын ашу және кәсіпкерлікті дамыту ісін қамтамасыз етуде. Ал 2029 жылға қарай бір миллионға жуық ауыл тұрғынын кооперативтерге біріктіріп, оларды тұрақты әрі болжамды табыспен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Тек биылдың өзінде 509 ауылдық округте 571 кооператив іске қосылып, 200 мыңға жуық ауыл тұрғыны өнім өткізудің бірыңғай тізбегіне қосылады деп жоспарлануда.

Осылайша, партия тек ауылдық жерлерді емес, қалаларды да қамтитын кешенді қолдау моделін

қалыптастыруда. Егер «Жер аманаты» мен «Ауыл аманаты» жобалары ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға және табысын арттыруға негіз қаласа, Turgyndar Amanaty жобасы миллиондаған қала тұрғынының күнделікті мәселелерін шешуге бағытталып отыр. Бұл — жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру, көпқабатты тұрғын үйлерді тиімді басқару және тұрғындардың өтініш-тілегіне жедел жауап беру. Жоба 2025 жылы елордада пилоттық режимде жүзеге асырылды, ал биыл тұтас ел аумағында қолға алынды. Былтыр тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша 110 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Бұған жауап ретінде партия жүйелі жұмысты қолға қойды — 700-ден астам МИБ төрағасы оқудан өтті, азаматтарға құқықтық көмек көрсетілді. Бүгінде бұл жоба тұрғындардың өтініш-тілегіне жедел әрекет етіп қана қоймай, қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылдың тұрақты жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Жалпы алғанда, осы және өзге де партиялық бастамалар біртұтас жүйе қалыптастыруда. Бұл жүйеде адамның тұрғылықты жеріне қарамастан ауылда немесе қалада нақты қолдау көрсетуге, тұрмысын жақсартуға арналған тиімді құралдар ұсынылады. Бұл — бірреттік көмек емес, адамдардың қарыз жүктемесін азайтудан бастап, жерге қол жеткізуге, жұмыспен қамтуға және қаладағы өмір сапасын арттыруға дейінгі маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін тұрақты жұмыс. Партия кезең-кезеңімен өз бастамаларының ауқымын кеңейтуді жалғастырып, олардың тәжірибе жүзіндегі тиімділігін арттырады және ел аумағында азаматтардың тұрмысын жақсартуды қамтамасыз етеді.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ АЙТЫС ӨТТІ

Өскемен қаласында «АМАНАТ» партиясының қолдауымен Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ұйымдастырған «Алтайым – алтын бесігім» атты республикалық командалық айтыс өтті. Дүбірлі додада Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының ақындары мен өнерпаздары өзара бақ сынады.

Жыр аламанында сүре айтыс, түре айтыс, қайым айтыс, қыз бен жігіт айтысы сынды айтыс түрлері қайта жаңғырып, дәстүрлі ән әуелді. Сонымен қатар жыр-терме орындалып, күмбірі бөлек күй шалқыды.

Өнер додасын Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, белгілі ақын Аманжол Алтай жүргізді.

«Бұл — елімізде екінші жыл қатарынан өтіп жатқан ірі мәдени жоба. Командалық айтыс арқылы біз ұлттық өнердің аясын кеңейтіп қана қоймай, жас таланттарға жол ашып отырмыз. Бүгін Өскеменде Сарыарқа мен өр Алтайдың өнерпаздары жыр мен сөздің көрігін қыздырды. Мұндай жобалар ұлт руханиятын нығайтып, айтыстың

жаңа тынысын ашады», — деді депутат.

Өз кезегінде Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов айтыс — ұлттың жаны, төл өнердің ұлы көші екенін мәлімдеді.

«Айтыс десе көз алдымызда қазыналы қазақ халқының ұлттық болмысы, салт-санасы, сан ғасырлық мәдениеті елестейді. Былтыр ашылған Ақтан Нұрбаев атындағы облыстық ақындар мектебі өнерге ынтасы бар талай жастың қанатын қатайтып, талабын шындап, топқа қосып келеді. Жыл сайын Шығыста республикалық, халықаралық екі айтысты дәстүрлі түрде өткізіп отыруды жолға қойдық», — деді облыс әкімі.

Осы орайда, «АМАНАТ» партиясы орталық аппараты Саяси



жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев жыр додасының мәні мен маңызына тоқталды.

«Республикалық командалық айтыс — «АМАНАТ» партиясының қолдауымен жүзеге асырылып келе жатқан мегажоба. Партиямыз ұлттық өнерге қолдау көрсету, ұлт руханиятын дамыту ісін әркез басты назарда ұстайды», — деді ол.

Осылайша, Шығыс Қазақстан облысының командасын ақын Серік Құсанбаев, ал Қарағанды облысының командасын ақын Айтбай Жұмағұлов бастап шықты. Әр команда құрамында айтыскерлермен қатар жыршы, күйші, термеші және дәстүрлі

әнші өнер көрсетті. Бұл сайыстың мазмұнын байытып, көрерменге жан-жақты өнер мерекесін ұсынды.

Айтысқа қазылар алқасының төрағасы — Қазақстанның халық жазушысы Жүрсін Ерман бастаған мәдениет және әдебиет саласындағы айтулы азаматтар төрелік етті. Нәтижесінде, қазылар алқасының шешімімен Шығыс Қазақстан облысының командасы жеңімпаз атанып, келесі кезеңге жолдама алды.

«Бұл жеңіс — тек біздің команданың емес, тұтас өңірдің, ұлттық өнерге жанашыр жұртшылықтың жеңісі. Командалық айтыс — үлкен жауапкершілік пен бірлікті талап етеді. Біз әр кезеңде ел сенімін ақтауға тырыстық. Осындай жобалар жас өнерпаздарға үлкен мүмкіндік береді, айтыстың тынысын кеңейтеді», — деді Шығыс Қазақстан облысының командасын бастап шыққан ақын Серік Құсанбаев.

Бетгі дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

КӨКЕЙКЕСТІ

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ЖОЛДАҒЫ ЖАЗАСЫЗДЫҚ:

Президент өз Жолдауында: «Басты міндетімнің бірі – Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру» деп жариялады. Осы орайда жол қауіпсіздігі мемлекеттік саясаттың өзегіне айналды. Мемлекет басшысы осы тақырыпты өз Жолдауында жыл сайын көтереді. Ауқымды міндетті жүзеге асыруға енді прокуратура тартылды. Соңғы оқиғалар бұл бағытта жаңа іс-шаралардың қажетін аңғартады. Жолдағы тәртіп – тек техникалық мәселе емес, ол – қоғамдық сана мен құқықтық мәдениеттің айнасы.

А Айхан ШӘРІП

ЖОЛ АПАТЫ –
ЖАУАПСЫЗДЫҚ КӨРІНІСІ

Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында мыңдаған адам қаза тауып, ондаған мың адам мертігетін жол апаттары қоғамның зор алаңдаушылығын туғызып отырғанын нықтады.

– Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Арасында тұтас отбасылар да бар. Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, ПМ батыл қадам жасауы керек, – деді ол.

2025 жылғы 8 қыркүйектегі Жолдауында Қ. Тоқаев жол қауіпсіздігі мәселесіне қайта оралып, «мұның халықтың өмірі мен денсаулығына тікелей әсер ететініне» назар аударды: «Былтырғы Жолдауда бұған арнайы тоқталдым. Әрине, біраз шаруа жасалды. Соған қарамастан көлік апаты азаймай тұр. Жыл басынан 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, жол ережесін бұзатыны аз емес. Көлік жүргізу мәдениетін бүкіл қоғам болып қалыптастыру қажет», – деген Президент қоғамдық орындарда ахуал өзгермегенін, азаматтарға қауіп-қатер төніп тұрғанын айтты.

Жуырда Алматыда болған жол апаты соған дәлел. Қайғылы оқиға 21 наурызда, Әл-Фараби даңғылы және Мендіқұлов көшесінің қиылысында болды. Сағат 03:30 шамасында Zeekr жүргізушісі қарсы бетке шығып кетіп, Mercedes-ке соғылған. Соның салдарынан Mercedes жүргізушісі және оның екі жолаушысы оқиға орнында тіл тартпай кетті. Үш адамды мерт қылған Zeekr жүргізушісі аман қалды. Болжам бойынша, апат кезінде жүргізуші көше жарысына қатысқан.

Апат фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу амалдары басталған. Басты мегаполистегі қоғамды селт еткізген жол апатынан соң сарапшылар елдегі жол жүрісін бақылау саласында жүйелі проблемалар барын мәлімдеді. Зор көлемдегі, қолданыс-

САНА мен ЖҮЙЕ
СЫНАЛҒАН СӘТ

тағы шаралар көше бәйгесімен тиімді күресуге мүмкіндік бермейді. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Әбенұлы аталған түнгі жарыстарға жоғары лауазымды полиция қызметкері қатысты деген жорамал туралы түсініктеме сұрап, ПМ-ге жүгінді.

Ол апаттан соң полиция арнайы рейд бастағанын мәлімдеді. Небәрі үш күнде Алматыда 5 мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталды. 43 жүргізуші спиртті ішімдік немесе есірткі тұтынып, мас күйде көлік жүргізгені үшін ұсталды. Тағы 369 адам рөлде құжатсыз отырған. Айыппұл тұрағына 94 автокөлік қойылды. Жылдамдықты асырудың 2 мыңнан астам жағдайы тіркелді. Әсіресе, бір жүргізушінің Әл-Фараби даңғылында көлікті 250 шақырым/сағат жылдамдықпен айдау дерегі ерекше аталды. Сот шешімімен ол 10 тәулікке қамауға алынды.

Рейдтерге қарамастан, 25 наурызда Әл-Фараби даңғылында тағы ЖКО адам өлімімен аяқталды. Қалалық полиция департаментінің мәліметінше, Mitsubishi Delica жүргізушісі Розыбакиев көшесімен қиылыста жаяу жүргіншіні қағып кеткен. Алған жарақатынан әйел адам оқиға орнында көз жұмды. Қазақстан жолдарындағы қанды қырғын – бұл ең алдымен техниканың кемшілігі емес, сананың қауысы.

КӨРЕТІН КАМЕРА БАР,
ТОҚТАТАР ҚОЛ ЖОҚ

Көшедегі жарыс, жылдамдыққа құмарлық, жауапсыздық – мұның бәрі бір адамның емес, тұтас қоғам мәдениетінің кемістігі. Трагедияның тағы бір басты сабағы – алдын алудың әлсіз екенінде. «Авто-Адвокат» заңгері Алексей Катунцев көшедегі қаптаған камера қылмыскерлерді дәл ереже бұзу мезетінде тоқтата алмайтынын, әрі кетсе, тек салдарды тіркейтінін айтады: «Тіпті, автоматты тіркеу жүйесі де әрдайым тұрақты жұмыс істемейді. Камералар істен шығуы, нашар интернет байланысына тәуелді болуы, уақытша жұмыс істемеуі мүмкін, бұл да бақылау тиімділігін төмендетеді. Камера машинаны тоқтата алмайды: айып-

пұлды кейін төлеттіреді. «Мажорлар» үшін бұл мәселе емес», – дейді заңгер.

Өкінішке қарай, мұндай қасіреттер жол ережесін өрескел бұзушыларға сабақ болмайды: жүргізушілер сол бұрынғыдай көше жарыстарын ұйымдастыруды жалғастырады. Мәселен, осы апатта, 24 наурызда Астанада жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларын дөрекі бұзғаны түсірілген видео тарады: бірі жоғары жылдамдықпен зулаған күйі бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетсе, екіншісі қасақана қарсы бағытпен қозғалып барады. Астаналық төл автоіздегішінің бейнежазбасын Threads-те жариялады: ол түнде ата-анасымен вокзалдан үйіне қайтып келе жатқанда, қасынан жоғары жылдамдықпен екі көлік зымырап өткен. Полиция бұл оқиғаға кеш үн қаты: ереже бұзушылармен профилактикалық әңгіме жүргізіпті.

Автосарапшы Алексей Алексеев те тіпті ЖИ басқаратын озық камералардың жолдағы қауіпті жағдайға тосқауыл бола алмайтынын, тек айыппұл жазатынын тілге тиек етті. Бұл – жазаның алдын алу емес, артынан ілесу ғана. «Дұрысы, Жедел басқару орталығының операторы дәл қазір болып жатқанды нақты уақыт режимінде қадағалап, ақпаратты дереу патрульдік экипажға беруге тиіс. Олар жедел әрекет етіп, қосымша күштерді жұмылдырып, ереже бұзушыны тез тоқтатуы қажет. Алайда іс жүзінде бұл жұмыс істемейді. Әр түн сайын Алматыда Әл-Фараби, Момышұлы, Абай бойымен автокөлік жүргізушілері жарысады: нөмірлерін алып тастап, қалағанынша айдайды», – деді А.Алексеев.

ҚЫЛМЫСКЕР БОЛСА,
АЗШЫЛЫҚ ТА ҚАУІПТІ

Сарапшы мұндай жүргізушілер жүйені саналы түрде айналып өтетінін атап өтті: мемлекеттік нөмірі болмаса, камералар ереже бұзуды тіркемейді, демек әрдайым жазаға тарта бермейді. Елде жеке Жол полициясының жоқтығы жағдайды күрделендірді. Әмбебап патрульдер шақыруға аттанудан қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге дейін түрлі міндетті қатар

атқарады, жол қауіпсіздігі кейін сырғып кетеді. Бақылаудың шашыраңқы сипаты тәртіптің әлсіреуіне әкеледі.

Жол ережесін бұзушылар үшін жаза қатайтылуы мүмкін. Алматыда үш адамның өмірін қиған резонансты жол апатынан соң сенатор Марат Қожаев «жүйелі ереже бұзушыларға» қарсы түбегейлі шара қабылдауды ұсынды. Ол мұндай жүргізушілердің көп еместігін, жалпы санның небәрі 5-6%-ын құрайтынын айтты. Бірақ қауіп осы топтан төнеді.

– Жүйелі түрде 100 және одан да көп құқықбұзушылық жасайтын жүргізуші бар. Міне, соларды барлық жеңілдіктен, соның ішінде айыппұлды 50% жеңілдікпен төлеуден айыру керек. Сондай жарысқой болса, толық айыбын өтесін. Жүргізуші куәлігін тартып алу, қайта емтихан тапсыруға жіберу, тіпті мұндай жүргізушілер үшін арнайы тест енгізу арқылы оны ереже сақтауға мәжбүрлеу керек, – деді депутат.

Сенатор Германияны үлгі етті: онда жол жүрісі ережесін қайта-қайта бұза беретін жүргізушілерді арнайы психологиялық сынақ тапсыруға жолдайды. Оны «нақұрыстарға арналған тест» (MPU немесе Idiotentest) деп атайды. Әйтпесе, сенатор ПМ-нің әрбір «автошабандозға» бір полицейден бекітіп бере алмайтынын қосты.

ЖИ ҚАЗАҚСТАН
ШЫНДЫҒЫНА СҮРІНДІ

Мәселенің төркіні жазасыздық пен жауапсыздық сезімінде жатыр. Ресми мәлімет бойынша, жол апатына кінәлі болғандардың 81%-ы – бұрын да ереже бұзған «тәжірибелі» рецидивистер. Сондықтан жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемалары Бас прокурор Берік Асылұлының өзі төрағалық еткен Зандылықты, құқықтық тәртіпті және қылмыстылыққа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысына арнайы шығарылды. Оған құқық қорғау және орталық пен жергілікті органдардың өкілдері қатысты.

Бас прокурор Берік Асылұлының айтуынша, жол апаттарының негізгі себебі – жол қозғалысы ережелерін сақтамау. Көптеген жүргізуші оларды егжей-тегжейлі біле бермейді. Жолдарда «рецидивистер» қаптап кеткен.

– Талдау көрсеткендей, апатқа кінәлі болған жүргізушілердің 81%-ы бұған дейін де жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін бірнеше рет жазаға тартылған! Бұл қайталану деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді. Мәселен, ШҚО-да бір жүргізуші бір жыл ішінде 32 рет ереже бұзыпты. Оның 13-і – жылдамдықты арттыру фактілері. 8 қаңтарда ол қарсы жолаққа шығып кетіп, салдарынан өзі және екі жолаушысы қаза тапты. Мұндай жағдайлар жыл сайын қайталанады, – деді Б.Асылұлы.

Тағы бір жағдайда жүргізуші соңғы екі жылда 72 рет жол қозғалысы ережесін бұзған! Соның ішінде 2025 жылы жылдамдықты арттырғаны үшін 30 рет жауапкершілікке тартылған. Ақыры, былтырғы 30 тамызында Алматыда жаяу жүргіншіні қағып, өлтірді. Бас прокурор жүргізуші куәлігін беру процесіне бақылауды қайтау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және рәсімнің ашықтығын қамтамасыз ету қажетін атап өтті.

Масқарасы сол, медициналық көрсетілімдерге сәйкес көлік құралын басқаруға тыйым салынған жүргізушілер де көбейіпті. Мәсе-

лен, Абай облысының Үржар ауданында эпилепсия дерті бар жүргізушінің ұстамсыз ұстап, салдарынан 6 баланы қағып, 4-еуін мерт қылды. Тағы 2-еуі жарақат алды. «Мұндай құқықбұзушылықтарға дереу құқықтық шара қолданылуға тиіс. Мемлекеттік басқару органдары өз бағыттары мен нысаналы топтары бойынша, білім беру және құқық қорғау мекемелерінің ғылыми әлеуетін қоса отырып, нақтыланған ұсыныстар енгізеді», – деді Бас прокурор.

Отырысқа қатысушылар жол жүрісі ережелерін бұзушылықты балдық есепке алуды енгізуді ұсынды. Бұл тәртіпті жүйелі түрде бұзатын жүргізушілерді уақытылы анықтап, көлік жүргізуден шеттетуге мүмкіндік береді. Балдың шекті деңгейіне жеткен жүргізуші қайта емтихан тапсыруға жіберілетін. Бірақ мұндағы басты бір шарт – тәртіп сақшыларының адалдығы. Жүргізушінің балы таусылуға жақындағанда, полицейге бал жазбауы үшін көбірек пара ұсынуы мүмкін. Яғни, «бал саудасы» деген жаңа қара нарық пайда болуын жоққа шығаруға болмас.

Жалпы, кейбір сарапшының ұсынуынша, жүргізушілердің санасындағы «бағдаршам» жақын арада жөнделмейді екен, демек мәселені шешу үшін оны адам факторынан мүлдем арылту керек. Бүгінде әлем Autopilot пен Self-driving cars (өзін-өзі басқаратын көліктер) дәуіріне қадам басты. Жасанды интеллект – бұл «ағатай, кешіре салыңызшы!» деп айта алмайтын, пара бермейтін, шаршамайтын жүргізуші. Жол жүрісі ережелерінен ауытқымайтын алгоритм. ЖИ көңіліне желік бітпейді, қарсы жолаққа шығып, «батыл-крутой» көрінуге тырыспайды. Бағдаршамның сары түсіне тез өтіп кетуді әбжілдік санамайды. Ол ұйықтап кетпейді және рөлде отырып телефонға алаңдамайды. Мұның сыртында, барлық көлік бір орталық басқару жүйесіне бағынса, кептеліс пен соқтығысу математикалық тұрғыдан мүмкін болмайды.

Бірақ мұның бәрі – болашақтың ісі. Қазақстанның заңнамасы әзірге жүргізушісіз көліктердің көшеге шығуына рұқсат етпейді. Сондай-ақ ең озық технологияның өзі біздің шындыққа тап болғанда «миы ашып» кетері даусыз. Автономды көлікке мінсіз жол белгілері мен анық сызылған жолақтар керек. Ал Қазақстандағы қармен бірге еритін асфальт пен көрінбейтін белгілер ЖИ-ді тығырыққа тірейді. Робот-көлік ережемен келе жатқанда, оның алдын орап кететін «пысық» жүргізушілер жүйенің авариялық тоқтауына себеп болады. Сондықтан депутаттар қолданыстағы жазаларды қатайтумен әуестеніп әлек.

Технология – құрал ғана, ал қауіпсіздік – таңдау. Адамдар жол ережесін бұзуды «ерлік» деп санауын тоқтатпаса, тіпті ең ақылды машина да ажалдан арашалай алмайды. Ата-баба «ат – ердің қанаты» деген. Бүгінгінің «темір тұлпарлары» ердің қанаты емес, қабірге айналып бара жатқандай. Көлікті басқару куәлігін сатып алған жүргізушінің, оның парасын қалтасына салған мамандандырылған ХҚКО басшыларының, көшеде жын ұрғандай айдағанға көз жұма қараған тәртіп сақшысының қарау тірлігі жолдағы жазықсыз жандардың қанымен жуылып жатыр. Ендігі кезекте маңыздысы – жолдарды есірген «киллерлерден» батыл әрі қатал арылтып, заңды сыйлайтын жүргізушілерді тәрбиелеуде.

НАРЫҚ

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА КЕЛГЕН ОЙЫНШЫ «КІМ»?



Қаржы нарығында жаңа ойыншы жұмысын бастауға дайындалып жатыр. Қазақстанда еншілес банк ашуға Біріккен Араб Әмірліктерінің ірі қаржы институты Abu Dhabi Commercial Bank ресми рұқсат алды. Бұл – жай ғана тағы бір банктің келуі емес, соңғы жылдары жиі айтылып жүрген «нарыққа жаңа күш қажет» деген мәселенің нақты қадамға айналғанын көрсетеді.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Рұқсатты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берді. Ресми мәліметке сүйенсек, бұл шешім мемлекет деңгейінде қойылған міндеттермен тікелей байланысты. Яғни, банк секторындағы бәсекені күшейту және сырттан сенімді инвесторларды тарту – ұзақ уақыттан бері көтеріліп келе жатқан мәселе. Енді сол бағыттағы жұмыс нақты нәтижесін бере бастағандай.

Агенттік бұл шешімнің жай қабылданбағанын ашық айтады. «Жаңа шетелдік банктің ашылуы Мемлекет басшысының банк секторындағы бәсекелестікті арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес келеді. Бұл заңнаманы жеңілдету және сенімді шетелдік банктерді тарту үшін жүргізілген реформалардың нәтижесі», – делінген ресми хабарламада. Яғни, бұл жерде тек бір банктің келуі емес, тұтас жүйені өзгеріп жатқанын байқауға болады.

Шынында да, соңғы жылдары Қазақстанда шетелдік банктерге қойылатын талаптар біршама жеңілдеді. Бұрын мұндай нарыққа кіру үшін өте жоғары талаптар қойылатын. Қазір актив көлеміне қатысты шектеулер төмендетілді, құжат жинау процесі жеңілдеді, кейбір бюрократиялық талаптар қысқартылды. Мұның бәрі сырттан инвестор тарту үшін жасалған қадамдар.

НАРЫҚТАҒЫ НАҚТЫ ЖАҒДАЙ
Abu Dhabi Commercial Bank – өз аймағында беделі бар, қаржылық мүмкіндігі жоғары банк. Оның негізгі акционері – Mubadala Investment Company. Бұл – Абу-Даби үкіметіне тиесілі ірі инвестициялық қор. Яғни, жаңа банктің артында жай ғана жеке капитал емес, мемлекеттік деңгейдегі қаржылық қолдау тұр деуге болады.

Банктің қаржылық көрсеткіштері де оның әлеуетін аңғартады. 2025 жылдың соңындағы мәлімет бойынша активтері 210 миллиард доллардан асады, меншікті капи-

талы 24 миллиард доллардан жоғары, ал жылдық таза табысы 3 миллиард долларға жуық. Мұндай көрсеткіштер жаңа еншілес банктің Қазақстанда ұзақмерзімді жұмыс істеуіне негіз бар екенін көрсетеді.

Жаңа банк елімізде толыққанды қызмет көрсетуді жоспарлап отыр. Яғни, тек бір бағытпен шектелмей, бизнеске де, халыққа да арналған өнімдер ұсынады. Сонымен қатар исламдық қаржыландыруды дамытуға ниетті. Бұл бағыт Қазақстанда бар болғанымен, әлі кең таралмаған. Сондықтан жаңа ұсыныстар нарыққа балама құралдар әкелуі мүмкін.

Қазір елдегі банк секторының жағдайына қарасақ, белгілі бір теңсіздік бар екенін байқауға болады. Ресми деректер бойынша, 2026 жылдың басында Қазақстанда 23 банк жұмыс істейді, соның ішінде 15-і шетелдік қатысуы бар қаржы ұйымдары. Сырттай қарағанда тандау көп сияқты көрінеді. Бірақ іс жүзінде нарықтағы негізгі үлес санаулы ірі банктердің қолында.

негізгі салаларда несиелеу көлемі төмендегені байқалады.

Несиенің қымбаттауы мен корпоративтік сектордағы баяулау байқалғанымен, банк жүйесінің табыстылығы әлі де жоғары деңгейде сақталып отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктер рекордтық 2,72 трлн теңге пайда тапқан. Бір жыл ішінде өсім 6,6 пайызды құраған. Бұл қаржы секторында ақша бар екенін көрсетеді, бірақ сол табыстың негізгі бөлігі нарықтағы ірі ойыншылардың айналасында шоғырланып отырғаны да байқалады. Яғни, жүйе жұмыс істеп тұр, алайда бәсеке әлі де жеткілікті деңгейде емес.

Ranking.kz мәліметіне сүйенсек, «2025 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің жиынтық пайдасы 2,72 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 6,6 пайызға артық. Сонымен қатар ең табысты банктердің алғашқы ондығында өзгерістер болды: Bank RBK сегізінші орынға

бизнес пен халық үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және халықаралық капиталды тартуға ықпал етеді», – делінген мәлімдемеле.

Бұл жерде басты мәселе – бәсеке. Нарықта жаңа ойыншы пайда болған сайын, бұрыннан жұмыс істеп отырған банктер де өз қызметін қайта қарауға мәжбүр болады. Яғни, пайыздық мөлшерлеме, қызмет сапасы, цифрлық сервистер – бәрі де бәсеке жағдайында өзгеруі мүмкін.

Тағы бір маңызды тұс – исламдық қаржыландыру. Жаңа банк осы бағытта жұмыс істейтінін ашық айтып отыр. Бұл әсіресе пайызсыз немесе балама қаржы құралдарын іздейтін клиенттер үшін жаңа мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл Қазақстанды аймақтағы исламдық қаржы орталықтарының біріне айналдыруға да әсер етуі ықтимал.

Жалпы алғанда, қаржы нарығындағы бұл өзгерісті бір ғана банктің келуі деп қарау жеткіліксіз. Бұл – жүйелі реформалардың нәтижесі. Яғни, мемлекет нарықты біртіндеп ашып, сырттан инвестор тартуға жағдай жасап отыр.

Әрине, жаңа банк бірден нарықты өзгертіп жібереді деу қиын. Кез келген қаржы институтына толық жұмысын жолға қою үшін уақыт керек. Инфрақұрылым құру, клиенттік база қалыптастыру, өнімдерін бейімдеу – мұның бәрі кезек-кезеңімен жүзеге асады.

Бірақ бастысы, бағыт өзгерді. Қазақстанның қаржы нарығы бұрынғыдай жабық емес, керісінше сыртқы ойыншыларға ашық бола бастады. Ал бұл ұзақ мерзімде экономиканың әртүрлі саласына әсер етпей қоймайды.

Сондықтан Abu Dhabi Commercial Bank-тің келуі жеке бір оқиға емес, жалпы үрдістің бір бөлігі. Егер осы бағыт жалғаса берсе, алдағы жылдары нарықта жаңа банктер көбейіп, бәсеке күшейе түсуі мүмкін. Ал бәсеке бар жерде тандау да, мүмкіндік те көбейеді.

Қаңтар айындағы дерекке сүйенсек, бизнеске берілетін несиенің орташа мөлшерлемесі 22,7 пайызға дейін өскен. Ал халық үшін бұл көрсеткіш 20,8 пайыз шамасында.

Тағы бір маңызды мәселе – несиенің қымбаттауы. Қаңтар айындағы дерекке сүйенсек, бизнеске берілетін несиенің орташа мөлшерлемесі 22,7 пайызға дейін өскен. Ал халық үшін бұл көрсеткіш 20,8 пайыз шамасында. Мұндай жағдайда кәсіпкерлік жобаларды дамыту қиын. Әсіресе, шағын және орта бизнес үшін бұл үлкен кедергі.

Сонымен қатар биылғы жылдың басында бизнеске берілетін несиелеу көлемі азайған. Бұл бір жағынан маусымдық факторлармен түсіндірілсе де, жалпы экономикалық белсенділіктің бәсеңдегенін де көрсетеді. Мысалы, сауда, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп сияқты

көтерілсе, Bereke Bank бірден бірнеше сатыға жоғарылап, тоғызыншы орынға шықты. Ал кейбір банктер үздік ондықтан шығып қалды».

БҮЛ КІМГЕ ТИІМДІ?

Осының бәрін ескерсек, жаңа банктің келуі тек формалды жаңалық емес. Бұл – нарыққа қосымша қаржы көзінің келуі деген сөз. Әсіресе, ірі жобаларды қаржыландыру, инфрақұрылымдық бастамаларды қолдау сияқты бағыттарда мұндай банктердің рөлі маңызды.

Агенттік те жаңа банктің келуінен күтілетін нәтижені нақты атап өтеді. «Жаңа банктің ашылуы банк секторындағы бәсекені дамытуға,

ӨНДІРІСТЕГІ ОҢ БЕТБҰРЫС

Қазақстан кейінгі уақытта өңдеуші өнеркәсіпке, соның ішінде жүгері дақылын терең өңдеуге ден қоя бастады. Үкімет дерегіне, 2023 жылы жүгері өндірісі шамамен 1,2 млн тоннаны құраса, 2024-2025 жылы жүгері өнімінің көлемі 1 млн тонна деңгейінде қалған. Осылайша, кейінгі үш жылда салыстырмалы түрде жүгері өндірісі шамамен 16 пайыз деңгейінде іркілді. Дей тұрғанмен, биыл Жамбыл облысындағы жүгері зауыты 500 мыңнан 1 млн тоннаға дейін жүгері өңдемек. Ал Алматы облысындағы жүгері зауыты 300 мың тонна өнім айналдырып, 20 түрлі өнім өндіруге әзір тұр. Түркістан облысындағы жаңа жүгері зауыты 150 мың тонна шикізатты қайта өңдеп, 27 түрлі өнім шығаруға қауқарлы.

Жаңа өндірістердің қажеттілігін тек онтүстік өңірлер есебінен қамтамасыз ету мүмкін емес. Осыған байланысты солтүстіктегі астық егетін өңірлерде де жүгері егіс алқаптарын ұлғайту міндеті қойылды. Демек, жүгері өндірісі бүкіл ел бойынша қолға алынады деген сөз.

«Казкрахмал» ЖШС басқарушы директоры Руслан Кәрімұлы «Шардара жүгері» зауытының жай-күйі, өңдеуші өнеркәсіпке қосылып жатқан үлес, жаңадан ашылғалы жатқан Қызылорда өңіріндегі

жүгеріні терең өңдеу зауыты жөнінде ой бөлісті.

– Мемлекет басшысының бастамасымен терең өңдеуге бет бұрдық. Біздің елде «Жаркент жүгері зауыты» 16 жылдан бері жұмыс істейді. Енді «Шардара жүгері зауытының» құрылысын біттік. Жобалық құны – 35 млрд теңге. Зауытта 27 түрлі өнім өндеп шығарылады. Біздің жүгеріден өндірілген крахмалды тамақ өнімдеріне, қағаз өндірісіне, гипскартон, құрылыс саласында қолданылады. Шырында-



рымыз «Коко-кола», «Макси чай» сияқты әртүрлі сусын шығаратын компанияларға шикізат ретінде қамтамасыз етіледі. Мәселен, құс фабрикаларына, мал азығына қажетті жемнің өзінен ішінара 11 түрлі өнім шығады. Сондай-ақ Қызылордада тағы бір жүгері өңдеу зауытының құрылысы басталды. Қызылордалық күріш егетін шаруалар, бұдан былай жүгері егетін болады. Сөйтіп, 16 мың гектарға жүгері егіліп, терең өңдеуге жіберіледі. Өңделген өнімнің 60 пайызы Ор-

талық Азиядағы Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан және Әзербайжан сияқты елдерге экспортталады. Осылайша, жүгеріні 98 пайыз терең өндеп, елдің өңдеуші өнеркәсіп саласына өз үлесімізді қоспақпыз, – деді зауыт басшысы.

Ауыл шаруашылығындағы қайта өңдеу үлесін биыл 70%-ға дейін жеткізу жоспарланған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі өнім түрлері (ет, сүт, майлы дақылдар, жүгері, күріш, қарақұмық) бойынша қайта өңдеу үлесі

64%-ға жетті. 2027 жылға дейін еліміздің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 3,3 трлн теңге инвестиция тартылмақ. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Егіншілік департаментінің директоры Назгүл Хатепованың сөзінше, жүгері алқаптарын 265 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 90 мың гектарға артық.

Нақтылап өтейік, жүгері өндірісі негізгі үш бағытты қамтиды. Мал шаруашылығында, соның ішінде ветеринарияға қажетті жоғары сапалы сүрлем шығарылады. Тамақ өнеркәсібінде, дән сұрыпталып, ұн, май, крахмал өндіріледі. Ал техникалық бағыт бойынша, биоэтанол өндірісінде жүгері құрамынан бөлініп алынған әртүрлі қышқыл қолданылады.

Әлемде АҚШ жыл сайынғы өндіріс көлемі 400 млн тонна жеткізіп көш бастаса, ізін басып Қытай 270-280 млн тонна жеткізіп тұр. Ал Бразилия 120-130 млн тонна жүгері өндіріп, үштікті түйіндейді. Яғни, жүгеріні терең өңдеуден түсетін пайда көп.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ

ТЫНЫС

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ



ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

402 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін түпкілікті құны орта есеппен литріне 281 теңгені құрайды, бұл нарықтық бағадан 15%-ға төмен. Қазір жанармай құю стансаларындағы орташа баға литріне 330 теңгені құрайды. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында 139 мың трактор, шамамен 5,6 мың бірлік жоғары өнімді егіс кешендері, 70 мың сепкіш, 141 мың топырақ өңдеу құралдары бар. 2025 жылы мемлекеттік қолдау шараларының арқасында шаруалар шамамен 25 мың бірлік заманауи техника сатып алып, ауыл шаруашылығы техникасы паркін жанарту деңгейі 6,5%-ға жетті. Ал тыңайтқыштарды енгізу көлемі 2,3 млн тонна деңгейінде жоспарланған. Биыл көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жеңілдетілген несиелеуге 700 млрд теңге қарастырылған. 2025 жылғы егіс науқанына ерте қаржыландыру 2024 жылдың қараша айының соңында басталған болса, 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына несиелеуге өтінімдер қабылдау өткен жылдың қазан айында басталды. Бүгінде фермерлер барлық базалық субсидиялармен қамтамасыз етілуіне апта сайын мониторинг

Елімізде көктемгі дала жұмыстары пысықталып жатыр. Шаруалар құрал-сайманын сайлап, диқан дәнін әзірлеп, егін егуге кіріспек. Бірақ жылдағы әдет бойынша, шаруалардың жерді игеру көлемі, техникалық базасының жаңаруы, егістікке берілетін мемлекеттің қолдауы өте өзекті болып тұр.

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Үкіметтің дерегінше, егін егу және күзгі жиын-терім жұмыстарын қаржыландыру көлемі былтырғыдай 1 трлн теңге деңгейінде. Оның ішінде техниканы лизингке алуға 300 млрд теңге қаралған. Биыл жалпы егіс алаңы шамамен 23,8 млн гектарды құрамақ. Бұл былтырғымен салыстырғанда 180 мың гектарға көп. Осылайша, егістік көлемі қарқынды өсіп келеді. Әйткенмен, бұл көрсеткіштермен іркіліп қалуға әсте болмайды.

Биыл майлы дақылдар 55 мың гектарға, азықтық дақылдар 242 мың гектарға, арпа 94 мың гектарға ұлғаймақ. Ұйымдастырылған шаруашылықтарда картоп алаңы 10,3 мың гектарға көбейеді. Ал бидай алқабы 125 мың гектарға қысқарып, 12,1 млн гектарға тең болмақ. Биыл жүгері алқабын 265 мың гектарға дейін жеткізу көзделген.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің бізге берген деректеріне қарағанда, су пайдаланудың нақты лимиттеріне сәйкес күріш алқабы да 20 мың гектарға қысқартылып, 80 мың гектарды құрапты. Нақтырақ айтқанда, Қызылорда облысы – 70 мың гектар, Алматы облысы – 5,8 мың гектар, Түркістан облысы – 3,5 мың гектар, Жетісу 1 мың гектар деп бекітіліпті. Тұқым дайындау толық көлемде 2,3 млн тонна болып қамтамасыз етілген. Бүгінде 1,6 млн тонна тұқымның сапасына сараптама жүргізіліпті. Оның нә-

тижелері бойынша, тұқымдардың 99%-ы кондициялық болып табылады және егіс стандартының бірінші және екінші сыныбына сәйкес келетін көрінеді. Тұқымдарды жаппай тексеру сәуір айының ортасына дейін аяқталмақ. Ақпан айының басынан бастап АШМ тарапынан минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етілуіне апта сайын мониторинг



КҮРІШ ПЕН МАҚТА АЗАЙМАҚ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, республиканың оңтүстік өңірлерінде су ресурстарының қолжетімділігін ескере отырып, су көп қажет ететін дақылдар, оның ішінде күріш пен мақта егіс алқаптарын оңтайландыру тапсырмасы бары есте.

Биыл су тапшылығы тағы да сезілетін түрі бар. Әсіресе, оңтүстікте су тапшылығы қалыпты жағдайға айналып барады. Сондықтан суды аз тұтынатын, өнімді дақылдар егілмек. Ауыл шаруашылығы министрлігі деректемелері бойынша, оңтүстік өңірлерде су лимитіне байланысты күріш алқабы 20,2 мың гектарға қысқартылды. Мақта алқабы 162,4 мың гектарды құрайды. Оның ішінде 79,8 мың гектар – тамшылатып суару, 82,6 мың гектар – дәстүрлі суару. Тамшылатып суару алаңы 29,8 мың гектарға ұлғайып, дәстүрлі әдіс 12 мың гектарға қысқарады.

Қазақстан фермерлер қауымдастығының Шымкент, Түркістан облысы бойынша төрағасы Тұрғанбек Оспанов көктемгі дала жұмыстарына дайындық бастал-

мақтаға қажетті су ала алмаймыз. Өйткені ар жағындағы Қырғызстан, Тәжікстанға да су керек. Өздері де егінге сол уақыттарда көптеп су алып жатады. Кейінгі 7-8 жылда нарықта мақта өтімділігі тұралап, шаруалар шығынға батуда. Негізі, ексең, мақта – шыдамды дақыл. Сол себептен жүгері дақылына ойысу керек болып тұр. Облыста жүгері терең өңдеуге бергені үшін әр тоннасына 30 мың субсидия беріледі. Егілген жағдайда өнімін өткізуге мол мүмкіндік жасалады. Ал жылда Токтағұл су қоймасында 9-10 млрд текше метр су болатын. Қазір 7,2 млрд текше метр ғана су бар. Ал 6,5 млрд текше метрден азайса, бері қарай ағып өтуі қиындайды. Осылайша, су тапшылығына байланысты, суды аз тұтынатын, өнімді мол беретін дақылдарға көшу қажет болып тұр, – дейді ол.

Үкімет мәліметінше, 2026 жылы еліміз бойынша 2,3 млн тонна тыңайтқыш шашу жоспарланып отыр екен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 500 мың тоннаға артық. Бүгінде 414 мың тонна тыңайтқыш жеткізуге шарттар жасалған, оның 187 мың тоннасы жөнелтіліпті. Егіс науқаны басталып кеткен оңтүстік өңірлерге небәрі 30 мың тонна бағытталған сияқты. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдетілген дизель отынымен қамтамасыз ету мәселелері қаралуда.

Токетері, осы жылы шаруаларға ақжолтай жаналықтар болатын көрінеді. Құзырлы орган дерегі бойынша, фермерлер үшін базалық субсидиялар қолжетімді. Тұқымдар, тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алу субсидияланады, сондай-ақ инвестициялық субсидиялау шеңберінде ауыл шаруашылығы техникасы мен су үнемдеу жабдықтарын сатып алуға жұмсалған шығындар өтеледі екен. Жалпы, шаруашылықтар мен диқандарды қолдау жүйелі жалғасса, егін бітік шығып, қамба толып, азық-түлік халыққа қолжетімді болады деген сенім бар.

Биыл майлы дақылдар 55 мың гектарға, азықтық дақылдар 242 мың гектарға, арпа 94 мың гектарға ұлғаймақ. Ұйымдастырылған шаруашылықтарда картоп алаңы 10,3 мың гектарға көбейеді.

ғанын айтып өтті. Оның сөзіне қарағанда, шынында да, оңтүстікте күріш пен мақта оңтайландырылып, жүгері дақылына басымдық берілмек. Оның пікірінше, бұл – су тапшылығына байланысты қолданылып отырған әдіс.

– Биыл Түркістан облысында күріш алқабын азайтып, орнына жүгері егу қарастырылады. Соған сай 150 мың тоннаға дейін, 25 түрлі өнім шығаратын «Шардара жүгері» зауытына 19 млрд теңге инвестиция жасалып, құрылысы бітіп, нығайту жұмыстары жүргізілуде. Егер 30-35 мың гектар жерге жүгері егілсе, 240-250 мың тонна өнім алу көзделеді. Облыстық бюджеттен 1 млрд-қа дейін техника алынды. Сондай-ақ әр аудан халқының санына, жер ыңғайына қарай картоп, сәбіз, пияз сияқты дақылдар егу керек. Сонда азық-түлік тапшылығы болмайды. Достық арнасы арқылы Өзбекстаннан шілде айында

Бүгінде әлемдегі ең тез тарап жатқан трансұлттық қылмыстардың ішінде алаяқтық алдыңғы орында саналады. Әсіресе, нейрондық желілер арқылы жасалатын алаяқтық түрлері оңай ақша табудың тиімді құралына айналды. Жылдам дамып жатқан жасанды интеллект жүйелері алаяқтардың «жұмысын» жеңілдетіп, сапасын да арттырып отыр. Яғни, оңай олжаға құныққандар генеративті модельдер арқылы адам психологиясын дәл есептеп, шынайылыққа барынша жақын сценарийлер құрып, жоспарлы әрекетке көшкен.

АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫ ҚҰБЫЛДЫ

А Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

ҚАРЖЫЛЫҚ КАТЕРДІҢ ҚАУП

2026 жылғы қаржылық алаяқтық қатерлері жөніндегі Интерполдың есебі бойынша қазір жасанды интеллект жасаған алаяқтық дәстүрлі схемаларға қарағанда 4,5 есе көп пайда әкеледі. Бұрынғы алаяқтық схемалары көбіне қарапайым фишинг хаттармен немесе жалған қоныраулармен шектелетін. Қазір адамды дауысты клондау, AI-фишинг, deepfake видео, инвестициялық табыс туралы жалған ақпараттар арқылы оңай алдауға болады. Онлайн алаяқтар қазақстандықтарға бұрын-соңды болмаған көлемде қаржылық зиян келтіріп отыр. Бас прокуратураның Әлеуметтік қорғау және тергеу комитеті ұсынған деректерге сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында интернет алаяқтардың әрекетінен келген шығын 11,2 миллиард теңгеге жеткен. Ең сорақысы, келтірілген шығынның негізгі ауыртпалығы қарапайым халықтың мойнына түскен. Жалпы соманың 96,7 пайызы жеке тұлғаларға тиесілі. Кәсіпкерлер мен бизнес құрылымдары мұндай қылмыстардан салыстырмалы түрде аз зардап шеккен. Олардың үлесі 2,4 пайызды ғана құраса, мемлекетке келген шығын 1 пайыз шамасында. Сонымен қатар Factcheck.kz дерегіне, 2025 жылғы

маусымда Ұлттық банкке қарасты антифрод-орталық 10 ай ішінде 63 мыңнан астам алаяқтық дерегін тіркеп, жалпы көлемі 2,5 млрд теңге болатын транзакцияларды уақытылы бұғаттаған.

Бас прокуратураның дерегіне, 2025 жылғы алаяқтық бабы бойынша 4,3 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелсе, 2026 жылдың 2 айында 21 558 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Сондай-ақ биыл интернет алаяқтықтар саны 8,3%-ға төмендеген және қылмыстық жауаптылыққа 913 құқық бұзушы тартылған. Кибералақтықтарды ашу көрсеткіші 29%-ға өсіп, келтірілген залалды өтеу деңгейі 57%-ды құраған. Мамандардың айтуынша, алаяқтардың басты ерекшелігі — адамның психологиясына оңай әсер ете алады.

2025 жылдың қаңтар-қараша айлары аралығында интернет алаяқтардың әрекетінен келген шығын 11,2 миллиард теңгеге жеткен.



— Алаяқтар мықты бағдарламашылардан гөрі мықты психологтарға көбірек ұқсайды. Ең бірінші кезекте, әріміз естіп жүрген телефон арқылы жасалатын шабуылдар түр. Бірақ олар қазір «картаңыз бұғатталды» деп жай ғана хабарласпайды, нағыз спектакль қояды. Өздерін құқық қорғау органдарының немесе Ұлттық банктің қызметкеріміз деп таныстырып, WhatsApp-қа жалған қызметтік куәліктерін жіберіп, адамды әбден қорқытып тастайды. Адам үрейленген кезде дұрыс ойлау қабілетінен айырылады, оларға керегі де сол, — дейді IT маман Мейіржан Әуелханұлы.

Оның айтуынша, қандайда бір интернет хабарлама келсе, оны саралап, күмәнді емес екеніне толықтай көз жеткізу қажет. Сонда ғана алаяқтарға ұрынбайсыз.

— Біз сияқты мамандар хабарламаның «ішкі құрылысына», яғни қай серверден келгеніне, IP мекенжайына қарап анықтай аламыз. Бірақ қарапайым қолданушының қолында ондай құралдар жоқ қой, сондықтан ең бастысы — көзбен көріп, мимен саралау. Қарапайым қолданушы бірден байқай алатын ең бірінші белгі — ол сілтеме, яғни сайттың мекенжайы. Алаяқтар түпнұсқаға қатты ұқсайтын, бірақ бір-екі әрпі өзгеше сайттар жасайды. Мысалы, kaspi.kz емес, kaspi-bonus.kz немесе kaspibank.com деп өзгертіп қоюы мүмкін. Асығыс адам мұны байқамай қалады. Екінші белгі — ол «асықтыру». Егер келген хабарлама сізді «тездетіңіз», «қазір жойылып кетеді», «шұғыл» деп ентіктіріп жатса, бірден тоқтаңыз. Банкер немесе мемлекеттік органдар ешқашан сізді дүрліктірмейді, олар ресми түрде, байсалды жазады, — дейді маман.

РАС-ӨТІРІГІН АЙЫРУ ҚИЫН

Қазақстанда интернет алаяқтықтың көптеген схемасы бар. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырып, алаяқтық операцияларға қарсы тұру шараларын күшейткенмен, алаяқтардан айла артылмай отыр. Мәселен, жақында Threads әлеуметтік желісінде «әскерде зорландым» деген жігіттің жазбасы тарады. Алайда пост авторы бұл оқиғаны ойдан шығарып, сол арқылы халықтың көңілін босатып, ақша жинап алуды ғана көздеген. Ішкі істер министрлігі жігітті ұстап, оның алаяқ екенін дәлелдеді.

«Биыл 23 ақпанда Threads әлеуметтік желісінде белгісіз аккаунт арқылы бір желі қолданушысы әскерде жүргенінде жаныстық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын және қудалаудан қорқатынын мәлімдеген. Ол бір жыл бұрын әскерден оралғанын, бірақ болған сұмдық оқиғаны әлі де ұмыта алмай жүргенін жазған. Пост авторының сөзінше, командирі оны қорқытып, жыныстық сипаттағы әрекеттерге мәжбүрлеген. Жазбада желі қолданушыларының назарын аударатындай егжей-тегжейлі мәліметтер жазылған. Оқиғаның «қорқынышты» тұстарын баяндай отырып, ол өзіне қаржылай көмек сұраған, қауіп барын алға тартып, шетелге кету үшін ақша сұрауға мәжбүр екенін жазған», — деп хабарлады полиция.

Астана қаласы Полиция басқармасының мәліметінше, жас жігіт өзінің постына ақша аудару үшін банк реквизиттерін жазған екен. Оған ақша аударғысы келген қырағы азамат полицияға жүгініп, шоттың дұрыстығын тексеріп беруді сұраған. Міне, дәл осы кезде алаяқтың өтірігі әшкере болған.

«Жігіт әскердегі зорлық-зомбылықтан кейін депрессияға түскенін және бұрынғыдай қызымен қарым-қатынасын жалғастыра алмайтынын жазған. Желел қызметкерлерге тек реквизиттер емес, оқиғаның өзі де күмәнді көрінген. Тексере келе шот 17 жастағы бозбаланың банк картасы екені анықталған. Оның айтуынша, хостелде танысқан бұрынғы танысы оған қарызын аудару үшін реквизиттерін сұраған. Сондай-ақ өз есепшоттары бұғатталғанын айтып, басқа аударымдарды қабылдауын өтінген. Бұл заңсыз әрекетке сенген жасөспірім жеке деректерін беруге келіскен. Екі күннің ішінде оның есепшотына 100-ден астам аударым түскен», — деп хабарлады полиция. Сондай-ақ күдіктінің әскери қызметке еш қатысы жоқ екені және әскерде ешқашан болмағаны белгілі болды. Қазір күдіктінің үстінен жалған ақпаратты тарату және алаяқтық фактілері бойынша қылмыстық іс қозғалған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, сот оны тергеу біткенше қамауда ұстау туралы қаулы шығарған. Мұндай алаяқтық әрекет халықты алдап, қаражат жинау ғана емес, мемлекеттің ең жоғары абыройы саналатын армияның беделіне нұқсан келтіріп отырғаны сөзсіз.



ЖАҚСЫНЫҢ ЖАРЫ

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Нұрбике АХМЕДИЯРОВА,
күйшінің жары:

КҮЙ ПАТШАЛЫҒЫНДА ӨМІР СҮРДІ



Адамзат баласы жаратылғалы өркениет көшіне өзіндік төлтума мәдениетімен үлес қосқан елдер санатын санамалайтын болсақ, қазақ халқы күй өнері арқылы ерекше көзге түсер еді. Осы мазмұндас тұжырымды этнограф, зерттеуші ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» атты кітабынан таба аласыз.

Қорқыт ата заманынан бастау алып, бүгінгі күнге бір нотасы өзгермей жеткен күйшілік дәстүрді Қаршыға Ахмедияров секілді дәулескер күйші бар сүйіспеншілікпен сақтай білді. Қаршыға күй тартқанда қараша жұрты еліге тыңдады, елжірей тыныстады, еріксіз тәнті болды. Бүгін біз сол Қаршығаның адал жары, өмірлік серігі Нұрбике Ахмедияровамен сырластық.

— Қазақтың бірегей күйшісі Қаршыға Ахмедияров ағамыздың туғанына 80 жыл толды. Ғұмырыңыздың жартысы Қаршыға ағамен бірге өтті. Дәулескер күйшімен алғаш жолыққан сәтіңіз есіңізде ме?

— Қаршығамен алғаш рет 1966 жылдың 7 қарашасында Алматы қаласында өткен жерлестердің мерекелік сауық кешінде таныстық. Ол кезде мен Алматы медицина институтының 1-курс студенті едім. Тағдырдың жазуымен екеуміздің де Атырау облысы Махамбет ауданының тумасы екеніміз белгілі болды: мен — тарихы терең, хан ордалы Сарайшықтан болсам, ол Таңдай ауылынан екен.

Осылай басталған таныстық уақыт өте келе шынайы сезімге ұласып, 1970 жылдың мамыр айында шаңырақ көтердік. Ортақ өміріміздің жемісі ретінде екі ұл, бір қызды дүниеге әкеліп, өсірдік.

Бес жыл қатар білім алып, одан кейінгі 40 жыл екі апта бойы бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кештік. Сол жылдардың әр күні — біз үшін қымбат естелік, жүректе сақталған ұмытылмас қымбат қазына.

— Қаршыға ағаның әкесі Ахмедияр ата күйші, саятшы, жыр-термелерді жатқа айтқан кісі болыпты. Анасы 3 жасында қайтыс болған екен. Ағаны тәрбиелеп өсірген әкесі ме?

— Иә, Қаршығаның бойындағы өнерге деген қызығушылық пен өмірлік ұстанымының қалыптасуына ең алдымен әке тәрбиесі зор әсер етті. Сонымен қатар оның төрт ағасы да өнерге жақын, ән айтып, күй тартқан жандар еді. Осындай ортада өскен Қаршыға жастайынан өнерге бейім болып өсті.

Қаршыға — бес ұлдың кенжесі. Оның алдында Дариға атты әкесі болған. Үш жасында анасы өмірден өтті. Сол жылы Ақкенже деген қарындасы дүниеге келген еді. Алғи атты ағасы мен қарындасы Ақкенже қазір Астанада тұрып жатыр. Өзге бауырлары өмірден өтіп кетті.

Қыдыр дарыған, күй қонған өнерлі отбасы еді.

— Қаршыға аға Ғарифолла Құрманғалиевке еліктеп өсіп, жыршылық дәстүрді меңгерген екен. Күйшілік өнерді дамытуына кім әсер етті?

— Қарекен жастайынан әнші ретінде танылғанымен, күйшілік өнерге деген қабілетінің қалыптасуына отбасының ықпалы ерекше болды. Үлкен ағасы Қырғи — дүлдүл әнші әрі күйші ретінде елге белгілі тұлға еді. Қаршығаның әншілікке де, күйшілікке де бейімделуіне әкесі мен осы ағасы Қырғидың тәлімі зор болды.

Сонымен қатар Қарекеннің өнер жолында бағыт-бағдар берген жандардың бірі — қазір көзі тірі, жасы тоқсанға таяған Катимолла Ризуанов. Ол кісі кезінде көркемөнерпаздар үйірмесіне жетекшілік етіп, талай шәкірт тәрбиелеген. Қарекен де сол кісіден тәлім алып, өнердің қыр-сырын меңгеріп, көп нәрсе үйренді.

— Достары, жолдастары ағаның тым сезімтал болғанын айтады. Күйшінің сезімтал болмауы мүмкін емес. Дегенмен ағаны ерекшелік тұратын қандай қасиеті еді?

— Қарекенді өзгелерден ерекшелік тұратын асыл қасиеттері өте көп. Оның аңғалдығы, тазалығы, адалдығы бөлек еді.

Биік адамгершілігі мен парасаттылығы кез келген ортада айрықша байқалып, айналдасына жылылық сыйлауға құмар еді. Әсіресе, кісіге жаны ашығыш, өзгеге қолұшын созуға әрдайым дайын тұратын кең жүрегі көптің құрметіне бөледі.

Өзімен тағдырлас жандарды кездестірсе, Қарекен қолынан келген көмегін ешқашан аямайтын. Қолының ашықтығы, жомарттығы — оның болмысына тән қасиет еді. Біреуге жақсылық жасау үшін артық есеп іздемейтін, шын ықыласымен көмек беретін.

Ол тек өнер иесі ғана емес, өнердің жанашыры да еді. Домбыра тартуға қабілетті, ынталы шәкірттерін ерекше бағалап, кейде арнайы тапсырыспен жасатқан домбырасын да сыйға тартып жіберетін. Бұл — оның өнерге деген құрметі мен кейінгі буынға деген сенімінің айғағы.

Қарекен үшін домбыра — жай ғана аспап емес, ұлттық рухтың, халықтың жанының үні болатын. Сондықтан да ол үйге келген әрбір қонаққа, шаңырақ көтеріп жатқан жас жұбайларға ең бағалы сый ретінде домбыра тарту ететін. Оның: «Әр қазақтың үйінде домбыра күмбірлеп тұрсын» деген қағидасы — бүкіл ғұмырына арқау болған өмірлік ұстанымы еді.

Осы ұстанымы арқылы ол тек өз ортасына ғана емес, кейінгі ұрпаққа да ұлттық өнерді кастерлеудің, рухани байлықты сақтаудың үлгісін көрсетті.

— Жас кезінде бұзақылар соққыға жығып, бүйрегін зақымдаған екен. Сол дерті ұзақ мазалаған секілді. Қытайға барып емделгені де білеміз. Бүйрегі ауыратынын жиі айтатын ба еді?

— 1978 жылы Құрманғазы атындағы оркестрдің кезекті концертінен кейін қайтар жолда Қарекен соққыға жығылды. Қолдан ұйымдастырылған, әдейі жасалған «дүшпандарының» жауыз әрекетінен кейін сол жақ бүйрегі қатты зақымданып, езіліп кетіпті. Бұл жауыздық әрекет Қарекеннің денсаулығын құртты. Дертінен айынуы үшін ұзақ жылдар бойы ем қабылдауға мәжбүр болды.

1978 жылдан бастап, 1999 жылдың маусымы айына дейін бірнеше рет ауруханаға жатып, түрлі ем шараларын алғанымен, уақыт өте келе екі бүйрегі де істен шығып, жасанды бүйрек аппаратына тәуелді болды.

1999 жылдың маусым айынан қараша айының соңына дейін Сызғанов атындағы



Қарекенді өзгелерден ерекшелік тұратын асыл қасиеттері өте көп. Оның аңғалдығы, тазалығы, адалдығы бөлек еді. Биік адамгершілігі мен парасаттылығы кез келген ортада айрықша байқалып, айналдасына жылылық сыйлауға құмар еді.

хирургия институты қабырғасында ем қабылдап, кейін сол жылдың желтоқсанында емін жалғастыру үшін Бейжің қаласындағы әскери госпитальға бардык.

Ұзақ күткен бүйрек ауыстыру операциясы 2000 жылдың сәуір айына дейін созылып, ақыры донор табылып, қытай жігіттің бір бүйрегі салынды. Сәтті өткен операциядан кейін ғана 2000 жылдың 5 сәуірінде елге оралдык.

— Аға өмірінің соңында Атырауда тұрды. Алматыдан неге кетті? Әлде туған жеріне деген сағынышы маза бермеді ме?

— 2000 жылдың қараша айында туған жерге қоныс аударғанымен, донор бүйректің жағдайын тұрақты түрде бақылау және қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қажет болған соң, амалсыз Қарекен қайтадан Алматыға оралды. Себебі бүйрек ауыстырудан кейінгі өмірі үздіксіз медициналық көмекті қажет етті. Өмірінің соңына дейін бақылауда отырды. Бейжіңдегі дәрігерлермен де тығыз байланысып тұрдық. Уақыты тексеріліп, қажетті ем-домын алып отыру үшін тұрақты қатынас жасауға тура келді.

— Ағаның орындауындағы 500-ден астам күйі Алтын қорда сақтаулы тұр. Жеке күйлерінің бәрі жарыққа шықты ма? Ағаның орындамай қалған күйлері бар ма?

— Көзі тірісінде Қазақ радиосы мен телевидениесіне 500-ден астам күйді жазып қалдырды. Оның бәрі Алтын қорда сақтаулы тұр. Өзі де 100-дің үстінде күй шығарып,

10 шақты ән жазған. Жарыққа шықпаған күйлері де, кітаптары да баршылық. Одан басқа, 2000 жылы операциядан 3-4 күн өткен соң, ауруханадан ұрланып шығып, «мен өлсем де қазағымның күйі өлмесін» деп, Бейжіңдегі Қазақ радиосы бөлімшесіне барып, Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей, Махамбеттің 50-ден аса күйлерін жаздырып кетті. Сол жолы операцияның тігісі ашылып кетіп, тағы 14 күн ауруханада жатып қалған жайымыз бар еді...

— Қаршыға ағаның ізін жалғаған шәкірттері көп пе?

— Қаршығаның ізін жалғаған төл шәкірттері де, студенттері де баршылық. Ол кісі консерваторияда домбыра кафедрасының меңгерушісі болды ғой. Сондықтан консерватория студенттері 1 курстан бастап, бітіргенге дейін ағаларыңмен тығыз қарым-қатынаста болды. Емтихан тапсырды. Олардың бәрі Қаршығаның шәкірттері деп білемін.

— Ағаның ұл-қызы, немерелерінің арасында күйшілік өнерді қалағандары болды ма? Ағаның өнерін кім жалғастырып жатыр?

— Қызымыз Раушан — Алматы консерваториясын, АҚШ-тың Даллас қаласының консерваториясын бітірген скрипкашы, Сан-Франциско симфониялық оркестрінің белді музыканты. Ұлымыз Ерболат — Астана опера театрында дирижер, немерелері Ақтоты, Иманғали — музыканттар.

— Нұрбике ана, Қаршыға аға өмірден өткелі 16 жыл өтті. Ағаны сағынғанда не еске оралады?

— Қарекен көзі тірі болса, биыл 80 жасқа толар еді... Алматыға 19 жасында келіп, 45 жыл тұрды. Осында білім алды, еңбек етті. Алыс-жақын шетелге, жер шарының 4 құрлығына (Еуропа, Азия, Африка, Америка елдеріне) Алматы шаһарынан аттанып, әлемде «қазақ» деген ұлт, Қазақстан деген ел барын, «домбыра» атты бренд музыка аспабы бар екенін таныстырып, күмбірлетіп күйін төкті. Қаршыға — қазақтың күй өнерін зерттеп, нотаға түсіріп, өзі орындап, ХХІ ғасырға жеткізіп кеткен, күй патшалығында өмір сүрген адам. Қазақтың кара домбырасының арқасында танысқан, замандалған қаншама қазақтың біртуар азаматтары (өмірден өткені бар, тірісі бар) қолымыздан дәм татты. Қарекен бар кезде үйімізде күнде мереке болатын. Сол кездер қазір сағыныш, тәтті мұң болып қалды ғой. Өзім дәрігер болсам да, Қарекеннің әр шығармасы көз алдыма дүниеге келді. Атын да екеуміз бірігіп қоятынбыз. Ол күндердің бәрін сағынып еске алып отырамын.

— Қаршыға Ахмедияров мектебі бар ма?

— Қаршыға Ахмедияров — қазақтың күй өнерінде өзіндік қолтаңбасы бар, үлкен мектеп қалыптастырған дара тұлға. Оның мектебі тек бір оқу орнымен ғана шектелмейді, ол — шәкірттері арқылы жалғасып келе жатқан өнер жолы, күйшілік дәстүр. Туған ауылында Қаршығаның есімі берілген орта мектеп бар. Бұл — оның туған елінің перзентіне деген құрметінің айғағы. Сонымен қатар Атырау қаласында Нарын оркестрі жұмыс істейді. Бұл ұжым да Қарекеннің есімін иемденген, өнер жолын, күйшілік дәстүрін насихаттап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп келеді. Қарекеннің шәкірті Сәлімгерей Салықов: «Қаршыға ағамыздың мектебінің өзіндік формасы бар. Мектептің ерекшелігі — күйдің құрылымына байланысты. Бізде төкпе күйде екі форма қалыптасқан: буындық және транспозициялық. Құрманғазы ағамыз екі форманы араластырып, үшінші форма ойлап тапты. Қаршыға ағамыз да шертпенден төкпеге шығып кетеді. Бір күйде екі бағытта қамтиды. Мұндай қазақта бұрын болмаған. Оның саусак басу тәртібі бөлек. Бір сөзбен айтқанда, ешкім жасамаған шеберлікті жасап, үлкен мектеп қалыптастырды» деген екен.

Расында, Қарекеннің артында қалған мол мұрасы, тәрбиелеген шәкірттері, халқына сіңірген еңбегі — оның есімін мәңгілік ететін құндылықтар. Сондықтан да ағаның аты да, заты да өлмейді. Туған елі, қазақ жұрты оны әрдайым жүрегінде сақтап, ұмытпайтынына сенімім мол.

— Әсерлі сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС

СЕРПІН

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Он күн бойы Наурызнама дәстүрімен ұлықталған ұлттық мереке ұлттық болмысымызды түгендеген, салт-дәстүрімізді жаңғыртқан мазмұнды күнге айналды. Атап айтсақ, Наурыз мерекесіне орай Ұлытау облысының қала-аудандарында ауқымды әрі мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды. Өңір бойынша барлығы 130 киіз үй тігіліп, мерекелік думанға 100 мыңнан астам тұрғын мен қонақ жиналды.

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков облыс орталығы – Жезқазған қаласындағы Наурыз мерекесіне қатысып, өңір жұртшылығын ұлық мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Бүгінде облысымыз жанару мен өркендеу жолына нық қадам басып отыр. Алдымызда ауқымды міндеттер мен биік мақсаттар тұр. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз мығым, тірлігіміз берекелі болса бағындырмайтын белес, алынбайтын асу жоқ. Осынау жарқын мереке әр шаңыраққа шаттық пен қуаныш, толағай табыс және құт-береке әкелсін, – деді облыс әкімі Д.Рыспеков.

Жезқазғанның орталық көшесіне 20-ға жуық киіз үй тігіліп, ұлттық тағамдар ұсынылып, халқымыздың бай салт-дәстүрлері кенінен ұлықталды. Ақшақан киіз үйлер тігілген мерекелік алаң ұлттық нақышқа бөленіп, қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше рухани әсер сыйлады. Мерекелік думанға жергілікті өнерпаздармен қатар, елге



Ұлытауда Наурыз КЕҢ КӨЛЕМДЕ ТОЙЛАНДЫ



танымал әншілер де қатысып, көрермендерге ауқымды концерттік бағдарлама тарту етті. Әсем ән мен күмбірлеген күй көпшіліктің көңілін көтеріп, Ұлыстың ұлы күніне тән шаттық пен қуаныштың шырайын аша түсті. Облыс орталығында Наурыз мейрамына байланысты қалыптасқан бұлжымас дәстүр де бар. Жыл сайын ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында түрлі сайыстар мен байқаулар ұйымдастырылып келеді. Биыл бұл игі үрдіс жаңа сипат алып, заманауи технологиямен ұштаса түсті. Яғни, ғасырлар қойнауынан жеткен салт-дәстүрлер жасанды интелект мүмкіндіктерімен сабақтастырылып, тың форматта насихатталды. Жалпы, «Наурызнама» онкүндігі аясында өңірде 400-ден астам мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, қала мен аудан тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй мен ұмытылмас әсер сыйлады. Осылайша, Ұлыстың ұлы күні Жезқазған өңірінде ұлттық рухты асқақтатып, ел бірлігін бекемдеген айрықша мерекеге айналды.

Облыс орталығында 30-ға жуық киіз үй бой көтеріп, олардың арасында «Үздік киіз үй» байқауы ұйымдастырылды. Байқау қорытындысы бойынша, бірінші орынды Батыс Жезқазған кенішінің ұжымы иеленді. Екінші орын Мамандандырылған жөндеу-механикалық басқармасына, ал үшінші орын «Жомарт» кенішінің

ұжымына бұйырды. Женімпаздар мен жүлдегерлер лайықты марапаттарға ие болып, қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды, барлық қатысушыларға ынталандыру сертификаттары табысталды. Сонымен қатар бірнеше кәсіпорындар да арнайы номинациялармен марапатталып, қатысушыларға ақшалай сертификаттар табысталды. Айта кету керек, этноауылда тігілген киіз үйлердің қатарында жезқазғандық металлургтер тіккен қазақы үй мен Digital Nauryz экспозициясы ерекше қызығушылық тудырды.

Жезқазған қаласының өзінде 40 мыңнан астам тұрғын мен қонақ мере-

келік шараларды тамашалап, Ұлыстың ұлы күніне ортақ қуанышпен куә болды. Мереке барысында жиналған қауымға наурыз көже ұсынылып, көпшілік ұлттық тағамдар мен дәстүрлі сусындардан дәм татып, ерекше көңіл күйге бөленді. Ақ дастарқан басында адамдар бір-біріне ақжарма тілектерін айтып, мерекенің шынайы мәні – татулық пен берекені бірге сезінді. Сонымен қатар



мекемелер мен кәсіпорындар арасында ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптейтін түрлі сайыстар ұйымдастырылып, көпшілікке рухани тағылым сыйлаған мазмұнды шараларға айналды. Бұл байқаулар арқылы қатысушылар халқымыздың бай мәдени мұрасын танытып, көрер-

мендердің зор ықыласына бөленді.

«Биылғы мереке ерекше өтіп жатыр. Этноауылды аралап, бәрін көріп келдім. Халықтың көңіл күйі көтеріңкі, бәрі сабырлы, жүздерінен қуаныш пен шаттық байқалады. Күн де жарқырап тұр, айнала нұрға бөленгендей. Осындай шуақты сәттерде адамның да көңілі ерекше көтеріліп, жүрекке жылылық ұялайды. Жаңа жыл барша халқымызға жақсы жаңалықтарымен келсін. Сол қуанышты сәттерді бірге көріп, қызығын бірге бөлісу баршамызға нәсіп болсын», – деді қала тұрғыны Жанұзақ Кенбаев.

Білекті де жүректі жігіттер қол күресі, арқан тарту секілді ұлттық ойындардан сайысқа түсіп, өзара мықтыларын анықтады. Бағдарлама барысында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, оған кәсіпорын қызметкерлері мен қала тұрғындары белсене қатысты. Жалпы жүлде қоры 3 миллион теңгені құрады. Тартысты өткен бұл сайыстар тек бәсекенің алаңы ғана емес, сонымен бірге бірлік пен ынтымақтың, командалық рухтың айқын көрінісіне айналды.

Тұрғындарды мерекелік іс-шараларға кеңінен тарту мақсатында 20-дан астам заманауи цифрлық шешім іске

қосылып, қала мен аудан көшелерінде Наурыздың рухын айшықтайтын 130 тақырыптық киіз үй тігілді. Осылайша, ұлттық нақыштағы мерекелік атмосфера тұрғындарға ерекше қуаныш пен шаттық сыйлады. Мерекелік көңіл күйді арттыруға жергілікті 70 өнер қайраткері өз үлесін қосып, көпшілікке ән мен күйден, ұлттық өнерден шашу шашты. Олардың әсерлі өнер көрсетілімдері қала аумағына орнатылған 60 кең форматты LED-экран арқылы тікелей көрсетіліп, мерекенің көркін еселей түсті. Ұлытау облысында Наурыз мерекесі аясындағы онкүндік шеңберінің қорытындысына сәйкес, тарихи мұраны қазіргі цифрлық өмірмен ұштастыруға ерекше басымдық берілді. Өңірде 100-ден астам мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, оларды офлайн форматта 80 мыңнан астам адам тамашалады. Сонымен қатар онлайн аудитория 112 мың қолданушыдан асты, яғни мереке қашықтан да кеңінен қолдау тауып, халыққа ұлттық дәстүрлерді сезіндіруге мүмкіндік берді.

Мерекелік іс-шара келушілерге Тайжан Қалмағамбетов атындағы облыстық филармония өнерпаздары мен Қазақстан эстрадасының танымал жұлдыздары қатысқан әсерлі концерттік бағдарламамен түйінделіп, жиналған жұртшылыққа ерекше көңіл күй сыйлады.

С. БЕГИМБАЙ



ДАУА

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Әлем халқы апта басында туберкулез ауруына қарсы күрес күнін атап өтті. Бұл іс-шара 1982 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Туберкулез және өкпе ауруларымен күрес жөніндегі халықаралық одақтың (International Union against Tuberculosis and Lung Disease) шешімімен бекітілген. 1993 жылы ДДСҰ туберкулезді ұлттық апат деп мәлімдеп, 24 наурызды – Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні деп жариялады. Ал елімізде қауіпті кеселмен күрес қалай жүріп жатыр?


А Айсулу СЫБЗАХАН

Елде 24 ақпан мен 24 наурыз арасында аурудың алдын алуға бағытталған айлық дәстүрлі түрде өтіп келеді. Мамандардың сөзінше, биылғы науқанның ерекшелігі – туберкулезді ерте анықтауды күшейту, халықты скринингпен қамтуды кеңейту және латентті туберкулез инфекциясын дер кезінде анықтап, емдеу шарасын жетілдіру.

ӨЛІМ-ЖІТІМ АЗАЙҒАН

Туберкулез әлі күнге дейін әлемдегі жұқпалы аурулардан болатын өлім-жітімнің басты себебі болып отыр. Әлемде күн сайын 4 мыңнан аса адам туберкулезден қайтыс болады деген ақпарат бар. Аурудың дамуына дұрыс тамақтанбау, ағзаға зиянды өнімдер (темекі, алкоголь, есірткі) тұтыну, кейде созылмалы аурудың әсері ықпал етеді. ДДСҰ мәліметінше, туберкулезбен ауыратын елдердің қатарында Қазақстан 12-орында тұр. Дегенмен Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының Инфекциялық аурулардың алдын алу басқармасының эпидемиолог дәрігері Анаргүл Жүнісова кейінгі жылдары туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақталып келе жатқанын айтады.

– «Қазақстан 12-орында тұр» деген дерек қазіргі жағдайды



ӨКПЕ

ДЕРТ

ӨРЕКПІМЕСІН

толық сипаттай алмайды. Еліміз туберкулез ауыртпалығы жоғары елдер қатарынан біртіндеп шығып келеді. 2025 жылғы мәлімет бойынша, Республикада туберкулез аурушандығы 2024 жылмен салыстырғанда, 10,6%-ға төмендеді, өлім-жітім көрсеткіші 10%-ға азайды. Жаңа жағдай саны 6740-тан 6130-ға дейін төмендеді. 100 мың халыққа шаққандағы аурушандық көрсеткіші 30,1-ге жетті. Дегенмен бұл мәселе әлі де қоғамдық денсаулық сақтау саласында маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Кейбір өңірлерде аурудың кеш анықталуы әлі де кездеседі, – дейді эпидемиолог дәрігер.

Елімізде туберкулездің алдын алу, ерте диагностика және емдеу тегін жүреді әрі халықаралық стандарттарға сай заманауи әдістер қолданылады. Сырқаттың алдын алудың баламасыз құралы – вакцинация. Бала дүниеге келгенде,



туберкулезге қарсы иммунитетті дамытуға мүмкіндік беретін БЦЖ вакцинасын салу және 6-7 жасында қайта вакцинациялау аурудың дамуына қарсы тұрып, туберкулездің ауыр түрлерінен қорғайды, бұл да ақысыз негізде жүргізіледі. Вакцинацияның әсері 5 жыл, егер ауру факторлары болмаса, адам туберкулезбен ауырмайды. Алайда жаңа туған нәрестелер арасында вакцина алмай қалатын жағдайлар да жетерлік. Соның салдарынан туберкулез жұқтырған балалардың саны жоғары деңгейде болып отыр, мұндайда сырқат та ауыр өтеді. Ауруға негізгі себеп – расталмаған ақпаратқа сенетін ата-аналардың вакцинаға қарсылығы. 2023 жылы Атырау облысында 700-ден аса адам туберкулезге шалдыққан еді, олардың дені – вакцина алмаған балалар мен жасөспірімдер. Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының директоры Жаңабай Сағиевтің айтуынша, дүниеге

келген шақалақтардың 5-10 пайызы туберкулезге қарсы егілмей қалады. Сол себепті де елде өтіп жатқан туберкулезге қарсы айлық халықты тікелей ақпараттандыруға бағытталып отыр.

«МАНТУДАН» ҚОРЫҚПАҢЫЗ

– Балаларына менту сынамасын алдырмайтын ата-аналар да бар. Олар латентті туберкулезге қарсы ем алғысы келмейді. Рас, бұл әлі толыққанды туберкулез емес, бірақ латентті туберкулез бактериясын жұқтырған адам кейін бәрібір ауырады. Сондықтан ем қабылдау қажет. Соны көбі түсіне бермейді, – дейді дәрігер.

Расыммен де, ата-аналар туберкулездің бар-жоғын анықтайтын Менту сынамасына қарсылық танытады. Бұл сынама туберкулезді зерттеумен айналысқан француз дәрігері Шарль Менту есімімен аталған. Ауруды ерте анықтау мақсатында Менту сынамасы 1-14 жасқа дейінгі балаларға салынады. Бала 15 жасқа толғанда, флюорографияға түсу міндетті саналса, ересектерге арналған профилактикалық әдіс – флюорография, шолу рентгенографиясы, компьютерлік томография. Менту сынамасы туберкулез микробактериясының сығындысы арқылы тері астына енгізіледі,

– Менту сынамасы – вакцина емес, ол ағзада туберкулез микобактериясына қарсы иммундық жауаптың бар-жоғын анықтайтын диагностикалық әдіс. Сынама жасалғаннан кейін терінің қызаруы немесе ісінуі – қалыпты құбылыс. Әсіресе, БЦЖ вакцинасын алған балаларда мұндай реакция жиі байқалады. Бұл жағдай баланың міндетті түрде туберкулезбен ауырғанын білдірмейді, – дейді А.Жүнісова.

Дәрігердің сөзінше, кей жағдайда Менту сынамасы оң нәтиже көрсетуі мүмкін. Бұл сынама ағзаның жалпы иммундық реакциясын көрсетеді, егер де сынамаға күмәнмен қарасаңыз және диагнозды нақтылау керек жағдайда Диаскинтест жасату керек. Менту – кеңінен қолданылатын жалпы скринингтік әдіс, ал Диаскинтест – туберкулез микобактериясына тән нақты антигендерге негізделген заманауи әдіс. Ол белсенді инфекцияны дәлірек анықтауға мүмкіндік береді және жалған оң нәтиже сирек кездеседі. Бір ескеретіні, Менту сынамасын жедел инфекциялық, аллергиялық аурулар кезінде, тері ауруы мен карантиндік жағдайда кейінге қалдырған жөн. Егер де Диаскинтест те оң нәтиже берсе, ағзада микобактерия бары расталады, бірақ ауру белсенді түрде дамымайды және клиникалық белгілері болмайды, тіпті өкпе, қан, зәр және қақырық анализдері де қалыпты болуы мүмкін. Ағзада жасырын инфекция анықталса, оны ғылыми тілде латентті туберкулез дейді. Бұл өзгелерге қауіп тигізбейді, алайда болашақта инфекция асқынып, туберкулезге айналмас үшін ертерек ем алу қажет.

– Егер балада латентті туберкулез анықталса, профилактикалық ем тағайындалады. Әдетте ем түрі – 3-6 айға созылатын арнайы дәрілік терапия. Қазір қолданылатын препараттар қауіпсіз, бала ағзасына сай лайықталған және дәрігердің бақылауымен жүреді. Негізгі мақсат – инфекцияның белсенді туберкулезге айналуына жол бермеу. Емнен бас тарту болашақта әлдеқайда күрделі жағдайға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар жөтел екі аптадан артық созылса, міндетті түрде дәрігерге қаралыңыздар. Балаларды профилактикалық тексеруден уақытылы өткізіңіздер, – дейді А.Жүнісова.

Бүгінде туберкулез толық емделетін ауру қатарына жатады. Қазір ел медицинасына қысқартылған емдеу схемалары, дәріге төзімді түрлерге арналған жаңа препараттар, жылдам диагностиканың заманауи әдістері енді. Соған қарамастан, сырқат атаулыға бейжай қарауға болмайды. Туберкулез – жұқпалы ауру, емделмеген жағдайда айналыңызға таралып, ауыр асқынуға душар болуыңыз мүмкін. Сол себепті де денсаулыққа жауапкершілікпен қараған жөн.

«Қазақстан 12-орында тұр» деген дерек қазіргі жағдайды толық сипаттай алмайды. Еліміз туберкулез ауыртпалығы жоғары елдер қатарынан біртіндеп шығып келеді.

мамандар 3 күннен кейін терінің тығыздық өлшеміне қарап, сырқаттың бар-жоғын анықтайды. Ата-аналар әдетте терінің қызаруы мен ісінуінен қорқып, сынама салдыруға үзілді-кесілді қарсы болады. Эпидемиолог Анаргүл Жүнісова мұндай күйден қорқудың қажеті жоғын ескертті.



Қазақстанда алкоголь нарығы соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерді бастан кешіп отыр. Себебі, жыл сайынғы инфляция алкоголь бағасының өсуіне әсер еткені бір бөлек, екінші жағынан арақ-шарап өндірісінің ұлғайғаны да байқалады. Бұл алкогольге деген тұрақты сұранысты көрсетеді. Дегенмен қоғамда арақ-шарапқа көзқарас біркелкі емес. Ішімдіктен бас тартқан ауылдардың да бар екені осыған дәлел.

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында алкоголь өнімдері шамамен 9,9%-ға қымбаттаған. Әсіресе, сыра бағасы 13,6%-ға өссе, шарап – 10,5%, ал арақ – 5,9% қымбаттаған. Бағаның өсуіне қарамастан, сұраныс төмендеген жоқ. Керісінше, өндіріс көлемі артты. 10 ай ішінде сыра өндірісі шамамен 10%-ға, арақ 7%-ға өскен. Ал шарап өндірісі 20%-дан астам қысқарған.

Бұл деректер ішкі нарықтың әлі де белсенді екенін аңғартады. Қазақстан сыраның 90%-дан астамын, арақтың шамамен 86%-ын



АЛКОГОЛЬДЕН АРЫЛҒАН АУЫЛ КӨП

өзі өндіреді. Яғни, ішімдікке тәуелділік сырттан келген өніммен емес, негізінен ішкі өндіріс есебінен қамтамасыз етіліп отыр.

Арақ-шарап нарығында өмірлік айырмашылықтар анық байқалады. Мәселен, жан басына шаққандағы алкогольге жұмсалатын қаржы Шығыс Қазақстан облысында ең жоғары – 16,2 мың теңге. Алматы қаласы мен Қарағанды облысы да алдыңғы қатар-

да. Ал Қызылорда, Түркістан және Маңғыстау облыстарында тұтыну деңгейі әлдеқайда төмен.

Халықаралық рейтингке сүйенсек, Қазақстан алкоголь тұтыну бойынша 189 елдің ішінде 100-орында тұр. Жылына бір адамға шаққанда 3,73 литр алкоголь тиесілі. Бұл көрсеткіш Еуропаның кейбір елдерімен салыстырғанда төмен болғанымен, мәселенің жоқ екенін білдірмейді.

Керісінше, әлеуметтік көрсеткіштер алаңдатарлық. Елде 91 мыңнан астам адам алкогольге тәуелді ретінде есепте тұр. Оның басым бөлігі – ер адамдар. Бұл – тек тіркелген жағдайлар. Ал жасырын тәуелділік бұдан да көп болуы мүмкін.

Алкоголизм – тек медициналық емес, әлеуметтік дерт. Ол отбасы берекесіне, еңбек өнімділігіне, тіпті ұлт денсаулығына әсер етеді. Ішімдікке салынған адамның өмір сапасы төмендеп қана қоймай, оның айналасындағы адамдар да зардап шегеді. Балалар-

ты шектейтін басқа да шараларының арқасында шешу мүмкін емес. Бұған халықтың өз тарапынан да бастамалар қажет екені сөзсіз. Мұндай бастамалардың бар екенін де айта кетуіміз орынды. Кейінгі жылдары қоғам ішінде жаңа үрдіс байқала бастады. Елдің әртүрлі өңірінде 100-ден астам ауыл алкогольден толықтай бас тартқан. Бұл – халықтың өз еркімен қабылдаған шешімі. Мұндай ауылдарда қылмыс азайып, тұрмыс деңгейі жақсарып, жастардың болашаққа деген көзқарасы өзгергені байқалады.

Мысалы, бір ғана Солтүстік Қазақстан облысының өзінде арақтан бас тартқан 20 шақты ауыл бар. Ашы суды тек жекелеген адамдар емес, тұтастай ауылдардың шектеп, той-томалақты арақ-шарапсыз өткізу жағынан Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарына қарасты ауылдардың көш бастап тұрғанын да айта кеткен жөн. Жалпы, 2025 жылдың мәліметіне сәйкес, елімізде арақ-шараптан толықтай бас тартқан 400-дей ауыл бар. Бұл үрдіс алкогольмен күрес тек тыйыммен емес, сана өзгерісімен жүзеге асатынын да көрсетеді.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы алкоголь нарығы экономикалық тұрғыдан өсіп жатқанымен, оның әлеуметтік салдары әлі де өзекті екенін айтуымыз керек. Баға өсіп, өндіріс артқан сайын, қоғам бұл мәселені тереңірек түсініп, саналы таңдау жасауға тиіс. Ал ішімдіктен бас тартқан ауылдардың тәжірибесі – соның айқын дәлелі.

САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – СӘН ЕМЕС, САНАЛЫ ТАҢДАУ

Саламатты өмір салты – бүгінгі қоғамның басты құндылықтарының біріне айналды. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау, белсенді қозғалыс, дұрыс ұйқы мен ең бастысы, дұрыс тамақтану мәдениеті осы ұғымның негізгі өзегі. Адам ағзасының саулығы көбіне не жеп, қалай тамақтанатынына байланысты. Сондықтан тамақтану мәдениеті – тұтас ұлттың болмысын айқындайтын маңызды фактор.

Қазіргі заманда адамдардың тамақтану әдеті айтарлықтай өзгерген. Қала өмірінің қарқыны, уақыт тапшылығы, технологияның дамуы адамдарды жеңіл әрі тез дайындалатын тағамдарға тәуелді етіп барады. Фастфуд, жартылай дайын өнімдер, түрлі жеткізу қызметтері күнделікті өмірдің бір бөлігі десек қателеспейміз. Бір қарағанда, бұл ыңғайлы сияқты, алайда мұндай тағамдардың денсаулыққа тигізер кері әсері де аз емес.

Сонымен қатар бүгінгі қоғамда дұрыс тамақтану тренді де қатар дамып келеді. Калория санау, табиғи өнімдерді тұтыну, кант пен май мөлшерін шектеу,

вегетариандық немесе вегандық өмір салты – мұның бәрі саламатты өмір салтына ұмтылыстың көрінісі.

Өмір салтын өзгерту және тамақтану мәдениеті бойынша сарапшы Аңсаған Алаберқызының ойынша біздің қоғамда, әсіресе, үлкен қалаларда дұрыс тамақтану мәдениеті мен денешынықтыру қатар дамып келеді. «Қазіргі қоғамда адамдар ағзаны үнемі пайдалана бермей, бір сәт оған да күтім жасау қажет екенін түсінді. Сол үшін арнайы жаттығу залдарына барады. Ал дене жаттығуларының түр-түрін жасайтын орындар көбінде үлкен қалаларда орналасқан. Жалпы, спортпен айналысатын



кез келген адам ойдағыдай нәтижеге жетуі үшін көбінде дене жаттығуы мен дұрыс тамақтануды қатар алып жүреді. Бұл орайда статистикаға сүйеніп, көбінде 35 пен 55 жас аралығындағы қалалықтардың дұрыс тамақтануға көңіл бөлетінін айтсақ болады», – дейді ол.

Сарапшының пікірінше, бүгінде кез келген отбасының дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Өйткені, дұрыс тамақтанудың базалық негізін құрайтын, ақуызға бай тағамдар аса қымбат емес. «Жұмыртқа, ірімшік, айран сияқты тағамдарды кез келген отбасы сатып алады деп есептеймін.

Әр адам өз денсаулығын өзі күтуі керек. Әрине, мемлекет тарапынан да қолдау болып жатса, нұр үстіне нұр болар еді. Теледидардан, газеттер мен әлеуметтік желілерден дұрыс тамақтану көбірек насихатталса, адамдар өз денсаулықтарына көбірек көңіл бөледі», – дейді маман.

Жалпы, соңғы кездері түрлі дереккөзден қазақтың дәстүрлі тағамдары – табиғи әрі теңгерімді ас үлгісінің жарқын мысалы екенін біліп жүрміз. Көшпелі өмір салтына бейімделген ата-бабамыз тағамды тек қарын тойдыру үшін емес, ағзаны қуаттандыру, денсаулықты сақтау үшін тұтынған. Мәселен, қымыз бен

шұбат – иммунитетті күшейтетін, ас қорыту жүйесін жақсартатын сусындар. Құрт пен айран – кальцийге бай, сүйек саулығына пайдалы өнімдер. Ал ет тағамдары – күш-қуаттың негізгі көзі. Ең бастысы, дәстүрлі тағамдарда ысырапсыздық пен табиғилық қағидаты сақталған.

Бүгінде ұлттық тағамдар жаңа форматта қайта жаңғырып келеді. Қазіргі аспаздар дәстүрлі рецептерді жеңілдетіп, оны заманауи талаптарға бейімдеуде. Майы азайтылған ет тағамдары, қымыздан жасалған десерттер, порциялық үлгідегі ұлттық ас түрлері – соның дәлелі. Бұл – ұлттық тағамның заманға сай трансформациясы, яғни денсаулыққа пайдалы әрі қолжетімді нұсқаға айналуы.

Сөз соңында айтарымыз, саламатты өмір салты – жаңа ұғым емес, ол біздің ұлттық болмысымызда бұрыннан бар құндылық. Қазақтың дәстүрлі тағамдары – дұрыс тамақтанудың табиғи үлгісі. Ендеше, жаһандану дәуірінде өз асымызды ұмытпай, оны денсаулыққа пайдалы бағытта дамыта білу – әрқайсымыздың міндетіміз. Саламатты өмір салты – сән емес, саналы таңдау. Ал сол таңдаудың негізінде біздің ұлттық дәміміз, дәстүріміз және болмысымыз жатыр.

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

Қарағандыда Қазыбек би атындағы аудан прокуратурасы екі тұлғаға қатысты Қылмыстық кодекстің 232-1-бабы 1-бөлігі бойынша мемлекеттік айыптауды қолдады. Айыпталушылар орнында өз банк шоттарын үшінші тұлғаларға ақшалай сыйақы үшін берген студенттер болып шықты. Бұл – дропперлік. Енді осыған тоқталайық.

Әдебиет
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Интернет ентелей енген сайын оны арам пиғылда пайдаланушылар да көбейген. Алаяқтықтың түрлі схемасы пайда болды. Халықтың қаржылық қауіпсіздігін пайдаланғандарға қарсы киберполда ашылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алаяқтық әрекеттердің жиілеуі туралы бірнеше рет мәлімдеме жасаған болатын. Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында ол интернет-алаяқтардан зардап шегетін азаматтардың саны артқанын атап өтті.

Қазір алаяқтықтың кең тараған түрі – дропперлік. Айта кету керек, өткен 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне 232-1-бап енгізіліп, дропперлік үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұл – банк шоттарына, төлем карталарына немесе жеке сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізу мен оларды пайдалану әрекеттерін қатаң бақылауға алу мақсатындағы маңызды заңнамалық қадам.

ДРОППЕР ҚҰРБАН БА, ҚЫЛМЫСКЕР МЕ?



Аталған жағдайда алаяқтар қарапайым сценариймен жұмыс істейді. Біреуі, жоғарыда айтқандай, оңай табыспен алдаса, енді біріне хабарласып, «банк шотыңызға қауіп төніп тұр» деп сендіреді. Кейде жұмыс ұсынып, банк картасын сұрайды. Осылайша, дроп өз шотын айтады, ал алаяқтар сол арқылы заңсыз ақшаны жымқырады. Облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, дроптардың басым көпшілігі – 18 бен 30 жас аралығындағы жастар. Оларды алаяқтар онлайн арқылы тауып, арзан табысқа қызықтырады. Дроптарды банк операцияларын, IP-мекенжайларды, интернеттегі хат алмасуларды тексеру арқылы анықтайды. Бұл – ұзақ әрі күрделі процесс.

– Қазір қылмыстық топтар әлеуметтік желілер мен жалған

сайттар арқылы студенттердің жеке деректерін иемденіп, оларды «дроппер» ретінде пайдаланады. Яғни, банк картасын, жеке мәліметін берген жас азамат өзі байқамай қылмыстық схеманың бір бөлігіне айналады. Көбіне дропперлер фишинг, аккаунтты бұзу, банк картасының деректерін ұрлау немесе басқа да алаяқтық әдістер арқылы алынған ақшамен жұмыс істейді. Олардың міндеті – ақшаның шыққан көзін жасыру үшін оны басқа шоттарға тарату немесе қолма-қол ақшаға айналдыру.

Мұндай әрекет үшін Қылмыстық кодекстің 232-бабы бойынша 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сонымен қатар жастарды «жеңіл табыс» уәдесімен есірткі тасымалдаушы –

«закладчик» ретінде арбайтын жағдайлар жиілегені айтылды. Қылмыстық кодекстің 297-бабына сәйкес есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар үшін 20 жылға дейін жаза көзделген, – дейді облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов.

Сот отырысында айыпталушылар кінәларын толық мойындап, жасаған әрекеттеріне өкінішін білдірді. Олардың кінәсі ұсынылған дәлелдермен айқындалды.

Істі қарау қорытындысы бойынша, сот айыптау үкімін шығарып, сотталушыларды кінәлі деп танып, айыппұл түріндегі жаза тағайындады.

– Дроппер болып, алаяқтардың құрбаны болмас үшін бейтаныс адамдарға жеке мәліметтерді, банк карталарының деректерін бермеу, жалақысы тым жоғары, оңай табыс туралы ұсыныстарға күмәнмен қарау және әлеуметтік желідегі «жұмыс», «сауда» топтарында жеке шот ашуға немесе тіркелуге қатысты ұсыныстардан бас тарту керек. Ал күмәнді әрекетті байқасаңыз, 102 нөміріне хабарласу керек. Қазір дроптармен байланысты қылмыстардың өсуі бұл мәселенің шынайы ауқымын көрсетіп отыр, – дейді Еділ Жұбанов.

QARZHY SAQSHYSY – ИНТЕРАКТИВТІ ОЙЫН

Бүгінде Қарағанды облысындағы мектептер мен колледждерде жоғары сынып оқушылары мен студенттерге арналған қаржылық және онлайн қауіпсіздік бойынша интерактивті сабақтар ұйымдастыруда. Өңірлік Экономикалық тергеу-тексеру департаментінің мамандары жасөспірімдерге алаяқтықтың кең таралған схемалары мен

цифрлық қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіріп, кейін білімді Qarzhy Saqshysy интерактивті ойыны арқылы бекіткен.

Бұл ойын жыл сайын ел көлемінде «Заң және тәртіп» жалпыұлттық нарративі мен «Адал азамат» бірінші тәрбие бағдарламасы аясында өткізіледі.

Бастам оқушы қатысты. Қарағанды облысы да бастамаға белсенді түрде қосылды: сабақтар Қарағанды, Теміртау, Саран, Шахтинск қалаларындағы, сондай-ақ Абай және Бұқар жырау аудандарындағы мектептер мен колледждерде өтті.

Педагогтердің айтуынша, мұндай формат өз тиімділігін көрсетті. Жасөспірімдер дәрісті тыңдап қана қоймай, күнделікті өмірде қолдануға болатын практикалық кеңестер алды.

– Балаларға жеке деректерді қорғау бойынша берілген ұсыныстар ерекше ұнады. Мысалы, көпшілігі телефондағы графикалық кілттің сенімсіз қорғаныс тәсілі екенін білмеген. Енді Face ID немесе саусақ ізі арқылы қорғау әлдеқайда қауіпсіз екенін түсінді, – деді Қарағандыдағы Шәкәрім атындағы гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Үкіметова.

Сабақ барысында дропперлер – алаяқтар мен олардың құрбандары арасындағы делдалдар тақырыбына да ерекше назар аударылды. Жасөспірімдерге қылмыстық жағдайларға қалай байқамай қатысып кетуі мүмкін екені түсіндірілді. Жиі кездесетін жағдайлардың бірі – банк картасына ақша түсіп, кейін бейтаныс адамдар «кәтелесіп аудардық» деген желеумен қаражатты қайтаруды сұрауы.

Сонымен қатар оқушыларға алаяқтықтың өзге де кең таралған түрлері туралы айтылып, алда белгілерін танауға үйретілді. Сабақтардың негізгі мақсаты – жастардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру және оларды цифрлық кеңістікте өздерін қорғауға дағдыландыру.



БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ БЕЛЕСІ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті алғаш рет QS World University Rankings by Subject 2026 халықаралық пәндік рейтингіне енді.

Университет Agriculture & Forestry («Ауыл және орман шаруашылығы») бағыты бойынша 351-400 аралығындағы орынға ие болды.

Бұл жетістік университеттің білім беру және ғылыми қызметінің сапасын, сондай-ақ халықаралық академиялық кеңістіктегі ұстанымының нығайып келе жатқанын көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК УНИВЕРСИТЕТ

2026 жылғы 25 наурызда жарияланған QS World University Rankings by Subject жыл сайынғы пәндік рейтингі нәтижелері бойынша, Еуразия ұлттық университетінің пәндері Қазақстанда ең үздік деп танылды.

Рейтингтің ең жоғары орындарын «Лингвистика», «Қазіргі тілдер», «Қонақжайлық және демалысты басқару» пәндері иеленіп, әлемдік 151-175 топқа енді.

Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында ЕҰУ-дың келесі пәндері көш бастап тұр: «Қонақжайлық және демалысты басқару» (151-175 топ), «Тарих» (201-250 топ), «Өнер және дизайн» (201-300 топ), «Саясаттану және халықаралық қатынастар» (251-300 топ).

Сонымен қатар «Білім беру», «Физика және астрономия», «Математика», «Компьютерлік ғылымдар мен ақпараттық жүйелер» пәндері өз позицияларын жақсартты.

Осылайша, Еуразия ұлттық университеті өткен жылмен салыстырғанда өз нәтижесін 50 позицияға жақсартып, әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының ТОП-300 қатарына енді.

Жалпы алғанда, ЕҰУ жоғары білім беру саласындағы халықаралық QS Quacquarelli Symonds аналитикалық агенттігінің деректері бойынша бір салалық және 15 пәндік рейтингке қатысты.

QS-тің аға вице-президенті Бен Саутердің айтуынша, 2026 жылғы әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингі – QS World University Rankings by Subject 2026



нәтижелері Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі бәсекеге қабілеттілігін нығайтып келе жатқанын көрсетеді.

Пәндік рейтингтер әлемнің 100 елінде орналасқан 1 900 университеттің 21 000-нан астам білім беру бағдарламасын қамтитын тәуелсіз салыстырмалы талдау болып табылады. Олар 55 пән мен бес кең бағытты қамтиды: «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Инженерлік ғылымдар және технологиялар», «Өмір туралы ғылымдар және медицина», «Жаратылыстану ғылымдары» және «Әлеуметтік ғылымдар және басқару».

АЙМАҚ

28 НАУРЫЗ 2026 | СЕНБІ

DIGITAL QAZAQSTAN 2026: ЦИФРЛЫҚ ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛЫ



Биыл Қазақстанның цифрлық дамуында жаңа кезең басталды. Бұған дейін халықаралық деңгейде өткен Digital Almaty форумы енді кеңейтіліп, Digital Qazaqstan республикалық алаңына айналды. Алғашқы форум Шымкент қаласында ұйымдастырылып, өңірлердің цифрлық әлеуетін арттыруға бағытталды. Форумның негізгі тақырыбы – Industry 5.0, яғни адам мен технологияның үйлесімді дамуы. Іс-шараға мемлекеттік органдар, бизнес өкілдері, халықаралық са-рапшылар мен стартаптар қатысып, цифрлық шешімдерді енгізудің тиімді жолдарын талқылады.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Жаңа форматтағы форумның басты ерекшелігі – оны елдің әр аймағында өткізу арқылы цифрлық технологиялардың игілігін барлық өңірге тең жеткізу. Шымкенттің тандалуы да кездейсоқ емес. Өндірістік әлеуеті жоғары мегаполисте нақты секторды цифрландыру, жасанды интеллектті өндіріс үдерістерімен ұштастыру мәселелері кенінен талқыланды.

Форум аясында пленарлық отырыстар, салалық пікірталастар, IT-көрмелер және Digital Qazaqstan Awards ұлттық сыйлығы

өтті. Вице-министр Дмитрий Мун бұл форум өңірлердің цифрлық дамуына серпін беретін маңызды платформа екенін атап өтті. Оның айтуынша, Digital Qazaqstan өңірлердің цифрлық трансформациясына нақты серпін беретін тиімді ұлттық платформа.

Форум аясындағы маңызды оқиғалардың бірі еліміздегі ең ауқымды IT жарыстардың бірі саналатын Decentrathon 5.0 хака-тонының басталуы болды. Бұл жоба – жарыс қана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған талантты жастардың басын қосатын, инновациялық идеялар мен технологиялық шешімдер тоғы-

сатын бірегей алаң. Биылғы ерекшелігі – хакатонның бір мезетте Қазақстанның 20 қаласында қатар өтуі. Жарыс 27 наурыз бен 5 сәуір аралығында өткізіледі. Іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары, Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев қатысып, цифрлық трансформацияның табысты болуы бүкіл ел көлемінде жүйелі түрде іске асуы қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ ол 2026 жылдың Қазақстанда жасанды интеллект пен цифрландыру жылы ретінде жарияланғанын жеткізді.

Decentrathon жыл сайын 3 000-нан астам әзірлеушіні біріктіріп, жаңа идеялардың жүзеге асуына және мықты командалардың қалыптасуына мүмкіндік береді. Бұған дейінгі жылдары жүлделі орындардың басым бөлігі өңірлік командаларға тиесілі болғаны елімізде технологиялық әлеуеттің кен ауқымда дамып келе жатқанын көрсетеді. Хакатон халықаралық деңгейде де жоғары қызығушылық тудырып отыр. Оған әлемнің жетекші компаниялары – McKinsey & Company (Quantum-

Black), Mastercard, Binance, inDrive және Solana Foundation қолдау білдіруде. Бұл өз кезегінде Қазақстанның жас IT мамандарына деген сенімнің жоғары екенін аңғартады.

БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

Digital Qazaqstan форумы мен Decentrathon 5.0 – елдің цифрлық трансформациясын жеделдетуге бағытталған өзара сабақтас бастамалар. Бұл алаңдар жаңа технологияларды енгізуге, инновациялық ойлауды дамытуға және адам капиталын нығайтуға мүмкіндік береді. Жалпы, Digital Qazaqstan – технология мен адам әлеуетін ұштастыра отырып, Қазақстанның цифрлық эволюциясын жаңа деңгейге көтеретін, өңірлердің дамуына тын серпін беретін стратегиялық маңызы зор ұлттық платформаға айналып келеді.

Форумның басты мақсаты – өңірлердің цифрлық әлеуетін күшейтіп, экономиканы заманауи технологиялар арқылы дамыту. Бұл алаң қатысушыларға тәжірибе алмасуға, озық тәжірибелерді таныстыруға және жасанды интел-

лект пен цифрлық трансформация бағытындағы жаңа жобаларды талқылауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Digital Qazaqstan еліміздің цифрлық болашағына үлес қосқысы келетін мамандар мен кәсіпкерлер үшін тиімді диалог алаңына айналды.

Форум негізінде Шымкент қаласында Орталық Азияның спорттық бағдарламалау чемпионаты өтті. Аймақтың үздік бағдарламашылары қатысқан бұл жарыста қатысушылар күрделі алгоритмдік есептерді шешіп, өздерінің білімін, жылдамдығы мен техникалық шеберлігін көрсетті. Аталған чемпионат жастардың кәсіби дамуына серпін беріп, өңірдің IT-саласындағы әлеуетін арттыруға ықпал етті. Сондай-ақ форум шеңберінде байланыс саласындағы өңірлік достастықтың 35 жылдығына арналған арнайы пошта маркасын салтанатты түрде айналымға енгізу рәсімі өтті. Іс-шараға Премьер-министрдің орынбасары, Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, ұйымның бас директоры Алексей Бородин және «Қазпошта» АҚ Басқарма төрағасы Бекежан Жәкеев қатысты.

Мерейтойлық марка өңірлік ынтымақтастықтың маңызын айқындап, Қазақстанның коммуникация және цифрландыру саласындағы жетістіктерін бейнелейді. Қатысушылар арнайы «Бірінші күн» штемпелімен танбалау рәсіміне қатысып, естелік конверттермен алмасты. Жалпы, Digital Qazaqstan 2026 форумы тек технологиялық жаңалықтарды таныстыратын алаң емес, сонымен қатар халықаралық әріптестікті нығайтып, цифрлық трансформация бағытындағы нақты бастамаларды ілгерілететін маңызды платформа екенін көрсетті. Бұл форум еліміздің цифрлық трансформациясын жеделдетіп, өңірлердің технологиялық дамуына жаңа серпін беретін маңызды бастамалар болмақ.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ЕЛЕНБЕГЕН ЕҢБЕГІ

Қоғамда мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдау, жұмысқа орналастыру – басты мақсат. Еліміз бойынша 750 мыңнан астам адамның мүгедектігі бар. Ал Батыс Қазақстан облысында 26 293 мүмкіндігі шектеулі адам тұрады. Сала мамандары мүгедектігі бар адамдар саны жыл сайын өсіп келе жатқанын алға тартып отыр. Бірақ біздің бүгінгі айтпағымыз ол емес. Қамқөңіл жандардың еңбекке араласуы, олардың құқығының қорғалуы жайында сөз етеміз.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА, Батыс Қазақстан облысы

БҚО-дағы 26 249 мүгедектігі бар адамның 14 198-і еңбекке жарамды, ал нақты еңбек етіп жүргені 4 491 адам. Қазір 2 732 адам жұмыссыз ретінде тіркелген. Бұдан байқайтынымыз, жалпы елімізде мүгедектігі бар адамдардың құқығын қорғау былай тұрсын, оларға жұмыс тауып берудің өзі үлкен мәселеге айналған.

Облыстық Жұмыспен қамту басқармасы жыл басталғалы 69

адам жұмысқа орналасқанын мәлімдеп отыр. Жалпы, мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмыспен қамту квота тағайындау әдісімен жүреді. Өңірде 2025 жылы 65 мекемеге 91 адамды жұмыспен қамту үшін квота тағайындалған. Ал биыл 52 мекемеге 82 адам орналастырмақ.

– Жалпы, мүмкіндігі шектеулі азаматтың еңбекке араласуы өзінің ниетіне байланысты. Егер еңбекке жарамды болса, жұмыс істеуге құлшыны болса, біз ондай азаматтарды жұмысқа орналастыруға тырысамыз. Жалпы, жеке кәсіпкер болсын, мемлекеттік орган басшысы болсын, кімді жұ-



мысқа қабылдап жатқанын түсінеді. Бірақ осыған қарамастан кейде басшылар тарапынан шететулер, қақпайлаулар болып тұрады. Бізге келіп мұның шағатындар бар. Бұл азамтармен жұмыс істеу үлкен еңбек пен шыдамдылықты қажет етеді, – дейді БҚО мүгедектері ерікті қоғамының төрағасы Жұмажан Қожанов.

Жұмажан Қожанов мүгедектігі бар адамдар үшін ең дұрысы шағын кәсіппен айналысу екенін айтты. Өзі қолынан келетін дүниені жасап, соны сатып үйренсе, ешкімнен қағажу көрмейді.

БҚО Еңбек инспекциясы «мүгедектігі бар азаматтардың еңбек құқығы бұзылғаны туралы ешқандай дерек пен арыз-шағым жоқ»

дейді. Бұл олардың құқығы бұзылмайды дегенді білдірмейді. Орал қаласының тұрғыны Гүлназ Габдуллина үшінші топтағы мүгедек. Өзі жұмыссыздықтың зардабын көп тартқан жандардың бірі. Ол былтыр үйде отырып жартылай өнім дайындап сату туралы шешім шығарып, ол идеясы мемлекеттен қолдау тапқан. Қазір жартылай дайын өнімдер жасап, нарыққа шығарып отыр.

Қоғамда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қырын қарау үрдісі барын Гүлназ да айтып қалды. Олар соған қарамастан көппен бірдей еңбекке араласуға тырысып жүргенін айтады. Елдегі мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары тек әлеуметтік саясат емес, сонымен қатар тең, әділ қоғам құрудың басты шарты іспетті. Әрине, бұл бағытта оң өзгерістер бар. Алайда қолжетімді ортаны дамыту, инфрақұрылымды бейімдеу, қоғам санасын өзгерту, заңнаманы нақты іске асыру сынды мәселелер жеткілікті.

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан дүбәкіров

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№177

28.03.2026ж

«Айқынның» сатиралық қосымшасы



ЖҮЛДЫЗ

Қазір кімнің жұлдыз болғысы келмейді? Жарқырап жүрген қандай жарасымды. Танымал болған одан да жақсы. Әсіресе, ата-аналар балаларының танымалдыққа тез ие болғанын қатты қалайды. Құдай ондап соның реті келе қалмасы бар ма?

«Оқушылар арасында кастинг өткіземіз. Талантты балаларды басты рөлге қабылдаймыз. Мынауский фильм түсіргелі жатырмыз. Балаңыз бір күнде жұлдыз болып шыға келеді» деген айқұлақ жарнама шығысымен хабарлама берген орталыққа ата-аналар бал көрген арадай құжынап жиналды.

– Балаларыңызды актерлікке үйрету үшін үш ай оқытамыз. Сосын сертификат береміз. Бұның құны бір миллион алты жүз мың теңге болады, – деді орталық басшысы.

Жұлдыз болып шығатын баладан ата-ана несін аясын, сол заматта сұраған ақшаны құйып тастады. Біреулерінің қарызданып-қауғаланып қалса да көңілдері тоқ еді. Ай өтті, жылжып жыл келіп қалды. Бастапқыда танымал актерлер екі-үш апта теңгесін төлегендерді жинап, сабақ өткенсіп жүрді де соңы сиырқұйымшақтанып кетті. Теңге төлегендер аландай бастады. Шу шықты. Сөйтсе, орталықтың қаржысы мүлде жоқ екен. Түсірілетін фильмнің сценарийі де жоқ болып шықты.

– Төлеген қаржымызды қайтарып берсін, – деп алданып қалғандар қазір ішкі істер департаменті алдын торуылдап жүр.

«Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деуші еді бұрынғылар. Бізге енді жетпегені актерлердің алдағаны еді. Ата-аналардың актерлерге алданып ақ тер, көк тер болып қалғаны жанға батады дә...

С. ДӘНІҚҰЛҰЛЫ

МИҚОҚ

Осы әйел ме, әйел! Тегі жын-дандыратын шығар. Демалыс күні болатын.

«Әй, осылай аяққа оралып, үйде омалып отыра бересің бе?» деп сүзетін сиыр сияктанып ала көзімен атқан соң, қолыма іліккен кітапты алып, саябаққа жөнep кеттім. Оңашалау орындық тауып, отыра бергенім сол, екі полицей едірендеп жетіп келді.

– Қолыңыздағы қандай кітап? Теріс ағымдағы дінді насихаттап, жастарды адастырайын деп жүргеннен саумысың? – деп біреуі қолымдағы кітапты жұлып алды.

– Қарай гөр! «Махаббат» дейді. Махаббат сенің неңді алған? – деп кітабымды қайтарып берді.

– Ана орындыққа пісте шағып кетіпсің. Қоғамдық орынды былғағаның үшін төлейсің. Ер-ніңді жымқырып алыпсың, насыбай ататын қусың-ау, – деп екіншісі жағыма жармаса кетті.

– Түкіріп тастап, мына жерді лаस्ताмақ қой, – деп алғашқысы хаттама толтыра бастады.

Немерелеріме тәтті алып кайтамын ба деп қалтама салып шыққан бес-он теңге бар еді, соларды беріп, әзірейілдей екеуінен зорға құтылдым. Жайғасып кітапты енді аша бергенімде, қасым мойнына қылқындырып галстук байлаған біреу жетіп келді.

– Сәлеметте боларсың! – деп гүр етті ол.

– Сәлем!

– Осы күнгі балалар миғұла деседі. Сіздің бұған қосар қандай пікіріңіз бар? – деп сұрады ол отырар-отырмастан.

Қаным қайнап кетті.

– Миғұла болмай қайтеді? Мұғалімдердің көбісі дипломдарын сатып алған. Министрдің өзі олардың сауаттылығы төмен екенін жасырмады. Бүгінгі ЖИ түгілі, олардың мұрнына қидың иісі бармайды, – деп енгігіп барып тоқтадым.

– Сонда сен мына бізді – мұғалімдер қауымын миғұла көреді екенсің ғой. Мен – мұғалім-



мін! Осы сөзін үшін сазайынды тарттырамын, – деп телефонына тырс еткізіп түсіріп алды да тайып тұрды.

Осы кезде басына сәлде ораған бір дамулла пайда бола кетті.

– Сіз қалай ойлайсыз, бүгінде имандылық, адамгершілік деген бар ма? – деп сұрады ол мені бір көрінгеннің сауалына жауап беріп отыратын автожауапбергіш сияктандырып.

Қаным қайнап кетті.

– Бүгінгінің имандары иманнан жұрдай. Жұрт жиналған жерде уағыз айтудың орнына қайырсадақа сұрайды. Оның орнына түрлі ағымдарға кіріп кеткен жастарды түзу жолға салмай ма? Мешітке бұрадан қорқатын болдық, – дедім.

– Тәйт, көпір! Көпірсің сен! Теріс батамды бердім саған. Екі дүниенің қызығын көрме! – деп қарғап кетті дамулла.

Одан құтылдым ба десем, қасымда сорапып біреу тұр. Шапанына қарағанда қоғамдық қызметтердің сорпасын қайнатып жүрген белсенділерге ұқсайды.

– Бүгінгінің ақсақалдары жайында не айтасыз? – деп сызданды ол.

Қаным қайнап кетті.

– Бүгінгінің ақсақалдары жағымпаздықтан алдарына жан салмайды. Әкім көрсе, қоғадай жапырылып, алдарына құлай кетеді. Бәрінің көксегені – салпыншақ немесе қызметте жүрген немерелеріне қалқан іздеу. Ақсақал деген ауыл-аймақты имандылыққа, адамгершілікке баулып, жақсы істерге ұйытқы болып жүруші еді. Бүгінгінің шалдары... – дей бергенімде, қолындағы таяғымен басымнан салып қалды. Сөйтті де, кілт бұрылып кете барды. Жарылған басымды сипалап отырсам, қасымда жігіт пен қыз отыр.

– Сізден сұрайықшы, осы махаббат деген бар ма? – дейді бойжеткен сызылып.

Қаным қайта тасыды.

– Қайдағы махаббат? Ол баяғыда Төлеген мен Қыз Жібек, Кебек пен Еңлік, Қозы мен Баян заманында өліп қалған. Бүгінгінің қыздары тұрмысқа есеппен шығады. Бәрінің бай жерге барғысы келеді, – дедім қарап тұрмай.

– Әне, айттым ғой, сен мені сүймейсің, – деп қыз жігітіне бұртия қарап, тайып тұрды.

– Көке! Микок екенсің. Қызға осылай деп те ақыл айтады ма? – деп жігіт ашуланып жөніне кетті.

Бір қарасам, өзімнен-өзім «микок, микок, микок» деп күбірлеп келе жатыр екенмін. Қасымнан жүгіріп өткен қарасирақ балалар да «микок, микок, микок» деп бірін-бірі қуалап барады екен.

Не болып кетті өзі? Жұрттың барлығы микок болып кеткен бе? Әлде басынан жарақат алып, миғұла болып қалған мен ғана ма?!



Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ШЫНДЫҚ ТУРАЛЫ ШЫҒАРМА (ӘЗІЛ ӘҢГІМЕ)

Бесінші сыныпта оқитын Әскербектің әкесі үйге айкайлап кірді. Қолында журналдың қиындылары бар.

– Оңбаған, не бүлдіріп жүрсің?

– Әке, жай ма?

– Жаңа мектепке жиналысқа барсам сен, жаланаш қыздардың суретін сабақта ұстап отырыпсың, оны қайдан алдың?

– Ой, сізден алдым ғой.

– Мен саған қашан бердім?

– Өткенде өзіңіз қаладан бір журналды сатып әкеліп, тығылып карап отырғанда шешем көріп қалып, үйде айкай-шу болған жоқ па?

– Иә.

– Сосын жыртып-жыртып әжетханаға апарып тастадыңыз.

– Білем.

– Мен сол жерден тауып алдым, – деді Әскербек.

Әңгімеге ас үйде жүрген әйелі араласты.

– Әкесі, балаға неге ұрысып жатырсың? – деп дауыстады.

Бұл туралы олестісе, өткендегі айкай кайта басталады.

– Әншейін ғой, сабағын тексеріп жатырмын.

Баласына:

– Ал сен болды, доғар. Бұдан кейін мұндай жаман затты қолына ұстаушы бол ма? – деп, әйеліне естіртпей ескертті.

– Жарайды, әке.

– Ұлым, оданда әдеби кітап оқы. Көкем-ау, жұрттың баласын карашы, мектепті үздік бітіріп, жоғары оқуға түсіп, қайтып келіп саған сабақ беріп жатыр. Сен бұл мектептен шықпай-ақ қойдың. Әлі жетінші сыныпта жүрсің? Қашан көшесің?

– Әке, айтпақшы мен көшетін болдым.

– Рас па? Ақыры жетінші сыныптан сегізінші сыныпқа ма?

– Жок, алтыға көшемін.

– Не дейді? Ойбай-ау, алға неге көшпейсің? Батпаққа батқан трактор құсап тұрып қалдың ғой. Сені оқытам деп, мен өлетін болдым, – деп, баласын нұқып қалды.

– Ой, әке, ұра бермеші.

– Үйге қандай тапсырма берді?

– Қазақ тілінен беретін апай «шындық туралы шығарма жазып келіндер» деді.

– Жаздың ба?



– Иә.

– Қане, дауыстап оқышы.

«Биыл біздің ауылға көктем кеш келді. Қорадағы мал қыстан әрен шықты. Күн ызғар.

Біз өте келді тұрамыз. Әкем бұтына әлі шешемнің жыртық гамажын киіп жүр. Шалбар сатып алатын ақшасы жоқ».

– Әй, гамажын не айтып тұрған? Оны неге жазасың?

– Өтірік емес қой.

– Бізді шығармаңа араластырмай алып таста.

«Соңғы кездері тұрмысымыз нашарлап бара жатыр. Өткенде әкем несиесін төлеуге қаражат таба алмай көршіден сұрады. Ол берген жоқ.

Шешем айтты: – Көршіміз нағыз оңбаған саран, ит, шошқа екен, – деді.

Әкем айтты: – Біздің елдің басшылары тойымсыз, халыққа жаны ашымайды. Жакында таяқ алып көшеге көтеріліске шығамыз, – деп әзірленіп отыр».

– Әй, жартыбас, мынауың не? Бізді соттатайын деп жаздың ба?

– Әке, рас емес пе? Апай тек шындық туралы айтындар деген жоқ па?

– Апайың бар болсын. Тез арада өшір. Әрі қарай оқы.

«Біздің үйде ешкім өтірік айтпайды. Бірақ әкемнің аздап сұайттығы бар».

– Ау, бұның не?

– Шешемнің сырғасын ломбардқа салып жіберіп, әлі әкеліп берген жоқсыз. Алдап жүрсіз.

– Сен мына шығарманмен бізді елге қарабет қыласың ғой.

Болды ма?

– Жок, әлі бар.

– Оқы.

«Жакында ауылға жаңа басшы келді. Беті былшиған біреу. Бұл қызметте бұған дейін отырған адам да түк бітірген жоқ. Ылғи қу кара бастарын ойлайтын шикі-бастар».

– Пәле, мына сөздерді қайдан тауып жаздың?

– Кеше кешкісін дастарқан басында шешем айтты ғой. Әке, сіз қоштай жөнелдіңіз.

– Жетеді, осы айтқаның. Ойбай, «балалы үйде өтірік жаппайды» деген осы екен-ау, – деп шошып кетті.

– Әке, соның былай аяқтадым.

– Қалай?

«Біздің үйде ешкім жұмыс істемейді».

– Иә, бұл енді шындық.

«Қазір шешем екі қолға бір күрек таба алмаған сон, үйде электр пешіне нан пісіріп сатады».

– Дұрыс, аяғы жақсы екен.

«Әкем тоқ көп тартады деп, электр жүйесін бағанадан тікелей ұрлап үйге тартып алды».

– Не дейді, бұл қылмыс қой.

Ертең мұны жұрт естісе, үйге полиция келіп айыппұл салмай ма? Әкел шығармаңды, бүйткен шындығыңды ұрайын, – деп, қолынан дәптерді жұлып алып, Әскербекті сыртқа қарай тұра қуды.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

БАЛАНЫҢ ТІЛІ

– Кемпір, жұрттың немерелері былдырлап сөйлеп жүр. Біздің балада әлі тіл жоқ. Жасы болса үшке толды. Тұқымда мұндай жоқ еді.

– Шал-ау, ертең нағашылары келеді. Сол кезде кара қойды сойып, өнеспен жиенін қылғындыртып ырым жасатайық. Сайрап кетеді.

Бүгін демалыс. Айтқандай, келін жағынан қонақтар келді. Құда мен құдағай бар. Баланың нағашы ағасы жаңа сойылған қойдың өнеспін жиенінің мойнына орады. Оқыс әрекеттен сақау бала шошынып кетті.

– Шшсс, – деді тістеніп.

– Ойбай, мынау боктайын деп жатыр ғой, – деді нағашы атасы.

– Шал, – деп қойып қалды бала.

– Әй, мына бала не дейді? «Шал» деп кімге айтып тұр? «Ата» деп айт, – деді нағашы әжесі ашуланып.

– Кет!

– Масқара, бізге кет деп жатыр ма? Қайда кетеміз? Нағашылары біртүрлі болды. Мұны естіп баланың әжесі жетіп келді.

Ол әкіматта жасайды.

– Әликонға тіл шықты ма?

– Жемқорлар... Паракорлар...

Үш жасар баласының мына айтқандарына әжесі біртүрлі болып, астыңғы ерні дірілдеді.

– Жемендер! – деді.

– Ойбай, көтек нені жемендер? – дейді. Ағайын аң-таң.

– Ооотанымды, – деді балақай былдырлап.

Ас бөлмеде еттің нанын илеп отырған баланың шешесі шошыды.

Ол облыстық мәслихаттың депутаты еді. Қолы дірілдеп, оқтауы жерге түсіп кетті. Бұл үйден мұндай сөздер айтылмауы тиіс.

– Бәрекелді, немеремізге тіл шықты. Тілашар тойын жасаймыз, – деп атасы мен әжесі қуанып жатыр.

– Қарақшылар...

– Мына жиен не дейді? Жетер...

Нағашы жұрты жақтырмай қалды. Жиеннің сөздерін тікелей өздеріне қабылдап қалды.

– Бұлай болғанда сөйлемегені жақсы еді, – деді шешесі.

– Шырағым, келінжан олай айтпа, «Бала тілі – бал» деген ғой. Сақау болып жүргеннен тілі шыққаны жақсы емес пе? – деп атасы немересінің маңдайынан сүйіп алды.

Баланың тілі шыққалы әке-шешесінен маза кетті. «Шындық. Әділет. Сөз бостандығы» дей ме, әйтеуір айтпайтыны жоқ.

Қазір үш жасар баланың сөзінен балабақшадағы тәрбиешілер де қорқып жүр екен...

Н.ЖҰБАТҚАН



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТНАН

Ап жемейтін,
Апы шоптің,
Шыққалынан,
Шыққаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойпады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұяна-тұяна,
Салдыр-салақ,
Бұл кім?
Кеп тұр күжік.

Жып-жипақы,
Тап-таза,

Түп-түз.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұқтыл!

Мамам
Банан берді.
Бананды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Балалық қазақшасын
«Мәуі» дейді.

Табанымнан
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Былтырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрін емдеді.





ГАДЖЕТКЕ БАЙЛАНҒАН ҰРПАҚ

Қоғамда жылдан-жылға бала тәрбиесі жаңа сипатқа ие болып отыр. Бұрынғыдай аулада асыр салып ойнайтын, кешке дейін кітап оқитын бала бейнесі біртіндеп өзгеріп, оның орнын смартфонға үңілген ұрпақ басты. Гаджетсіз өмірді елестету қиын. Смартфон, планшет, түрлі қосымша баланың күнделікті тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, қарбалас тіршілікте ата-ана үшін бұл кейде таптырмас көмекші. Алайда осы бір тыныштықтың астарында көзге бірден байқала бермейтін, бірақ баланың болашағына әсер ететін күрделі мәселелер жатыр.

Әсет ҚАЛИ

Бала психологы Балабек Сақтағановтың айтуынша, бүгінгі балалардың басым бөлігі бос уақытын экран алдында өткізеді. YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформалардағы контенттің тартымдылығы жоғары: түрлі-түсті бейне, жылдам ауысатын кадрлар, эмоцияға толы сюжеттер. Мұндай орта баланың назарын әп-сәтте өзіне тартып алады. Бірақ мәселе де осында. Бала ақпаратты терең түсініп, ой елегінен өткізуді емес, оны жылдам қабылдауды үйренеді. Бір қарағанда бұл зиянсыз әдет сияқты көрінгенімен, уақыт өте келе ол баланың ойлау жүйесіне әсер ете бастайды.

Қысқа форматтағы видеолардың ықпалы ерекше. Бірнеше секундқа ғана созылатын роликтер үздіксіз ұсынылып отырады. Бала бірін көріп үлгермей жатып, келесісіне ауысады. Ойлануға, салыстыруға, қорытынды жасауға уақыт

жоқ. Психологтар мұны «жылдам әсерге тәуелділік» деп сипаттайды. Соның салдарынан бала ұзақ уақыт зейін қоюды талап ететін әрекеттерден қашақтайды. Кітап оқу, сабақ тындау, тіпті бір ойынды сонына дейін ойнау да қиынға айналады. Өйткені оның миы үздіксіз жаңарып отыратын әсерге үйреніп қалған, — дейді Балабек Сақтағанов.

БАЛАҒА ШЫНАЙЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕРЕК

Маманның ойынша, тәжірибеде жиі кездесетін мәселелердің бірі — сөйлеу дамуының кешеуілдеуі. Соңғы жылдары ата-аналардың «балам бәрін түсінеді, бірақ сөйлемейді» деген шағымы жиілеген. Көп жағдайда мұндай балалардың күн тәртібін қарағанда, экран алдында өткізетін уақытының шамадан тыс көп екені анықталады. Бала тіл үйренуді тірі қарым-қатынас арқылы меңгереді. Ал экран біржақты ақпарат береді — бала тындайды, бірақ жауап қайтармайды, диалогқа түспейді.

— Мысалы, тәжірибеде 5 жастағы бір бала болды. Ата-анасының шағымы жоғарыда айтқанымыздай болып шықты. Бала тек жеке сөздерді айтқанымен, толық сөйлем құрай алмайды. Әңгімелесу барысында оның күніне бірнеше сағат бойы телефон қарап отыратыны анықталды. Ата-анасы жұмыста болғандықтан, баланы гаджет арқылы тыныштандыруға үйренген. Біз экран уақытын біртіндеп қысқартып, ата-анамен күнделікті сөйлесу, бірге ойнау, кітап оқу сияқты қарапайым әдістерді енгіздік. Екі айдан кейін бала белсенді түрде сөйлей бастады. Бұл жағдай тірі қарым-қатынастың баланың тіл дамытудағы маңызын айқын көрсетті, — дейді бала психологы.

Экранға тәуелділік те — бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бастапқыда

ата-ана бұған мән бермеуі мүмкін. «Жай ғана видео көріп отыр» деп ойлайды. Бірақ уақыт өте келе бала телефонсыз өзін жайсыз сезінетін деңгейге жетеді. Мұндай жағдайда оның мінез-құлқында ашушандық, мазасыздық, тез жылау, зейіннің тұрақсыздығы сынды өзгерістер байқалады.

— Тағы бір кейсте 7 жастағы оқушының ата-анасы баласының мінезіне байланысты алаңдап келді. Бала ашушаң, тез жылайтын, сабаққа зейін қоя алмайтын болған. Сөйлесу барысында оның бос уақытының көп бөлігін қысқа видеолар қарап, ойын ойнаумен өткізетіні анықталды. Ұйқысы кеш, таңертең шаршаңқы тұратын. Біз, ең алдымен, экран уақытын шектеп, баланың күн тәртібіне қозғалыс пен демалысты енгіздік. Бірнеше аптадан кейін баланың мінез-құлқында оң өзгерістер байқалды: ол сабырлырақ болып, сабаққа қызығушылығы арта бастады, — дейді Балабек Сақтағанов.

ЦИФРЛЫҚ ОРТА ТАҒЫ БІР ҚАУІПТІ КЕСЕЛ

Цифрлық орта баланың сөйлеу мәдениетіне де ықпал етеді. Бала психологының сөзінше, қазіргі балалардың тілінде сленг, жаргон, түрлі тілдің араласуы жиі кездеседі. Бұл — олардың күнделікті тұтынатын контентінің айнасы. Бала блоггерлерге еліктейді, олардың сөйлеу мәнерін қайталайды. Егер ол қарапайым, тіпті кейде дөрекі тілдегі видеоларды жиі көрсе, оның сөйлеуі де сол бағытта қалыптасады. Ал керісінше, сапалы контент, кітап оқу, ата-анамен жиі сөйлесу — тілдің байып, мәдениетті қалыптасуына әсер етеді.

Сондықтан мамандар ата-аналарға тек экран уақытын шектеумен шектелмей, баланың көріп жүрген контентінің сапасына назар аударуға кеңес береді. Контент баланың жасына сай, тәрбиелік мәні бар, тілі дұрыс әрі түсінікті болуға тиіс. Агрессияға толы, мәнсіз, шамадан тыс жылдам видеолар баланың психикасына кері әсер етеді.

— Дегенмен технологиядан толық бас тарту мүмкін емес. Сондықтан ең тиімді жол — тепе-теңдік сақтау. Баланың экран алдында өткізетін уақытын азайтып, оны пайдалы әрі қызықты әрекеттермен алмастыру қажет. Мысалы, бірге кітап оқу, сурет салу, конструктор жинау, қимылды ойындар ойнау, табиғатта серуендеу — осылардың барлығы баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ешбір гаджет, ешбір қосымша ата-ананың жылы сөзін, шынайы көңілін алмастыра алмайды. Бала өзін тыңдайтын, түсінетін адам бар кезде ғана толыққанды дамиды, — дейді маман.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялар — заман талабы. Бірақ олар баланың өмірінде негізгі орын алмауға тиіс. Егер ата-ана баланың цифрлық өмірін бақылап, оған дұрыс бағыт берсе, онда технология зиян емес, керісінше пайдалы құралға айналады. Ең бастысы — бала мен ата-ана арасындағы байланысты жоғалтпау. Себебі бала үшін ең маңыздысы — экран емес, адам.

SUPERSTAR KZ ЖОБАСЫ ҚАЙТА ОРАЛДЫ



«Қазақстан» телерадиокорпорациясы аңызға айналған SuperStar KZ музыкалық жобасын жаңа форматта қайта жаңғыртпақ. Еліміздің түкпір-түкпірінен талантты жастарды іздеуге арналған ауқымды кастинг жарияланды.

Жобаға өнерге құштар, жасы 16–25 аралығындағы кез келген азамат қатыса алады. Офлайн кастинг 2026 жылғы 4–26 сәуір аралығында Қазақстанның 9 ірі қаласында өтеді. Шалғай өңірлердегі үміткерлер өздеріне жақын қалада қатысуға немесе онлайн өтініш беруге мүмкіндігі бар.

SuperStar KZ — бұл жай ғана тележоба емес, жас таланттардың үлкен сахнаға жолын ашатын бірегей алаң. Қатысушылар өз өнерін көрсетуімен қатар кәсіби деңгейде танылып, жаңа мүмкіндіктерге ие болады. Жоба әлемге танымал британдық Pop Idol форматы негізінде әзірленген және Қазақстанда алғаш рет 2003 жылы эфирге шығып, көрерменнің ықыласына бөленген.

Жаңартылған маусым жаңа есімдер мен жаңа таланттарды ашуға бағытталған. Ірі қалаларда тікелей іріктеу кезеңдері ұйымдастырылады, ал шалғай өңірлерде онлайн форматта қатысуға болады. Қазылар алқасында тәжірибелі журналист және танымал медиа тұлға Ләйлә Сұлтанқызы, жобаның бірінші маусымының финалисті әрі бүгінде отандық эстраданың жарқын өкілі Мақпал Исабекова және әнші, продюсер Ерболат Беделхан бар. Олар қатысушылардың өнерін бағалап, болашақ жұлдыздарды анықтауда кәсіби тәжірибесін ұсынады.

ҮЗДІК 100 ҰЙЫМНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы QS әлемдік рейтингінде үздік 100 ұйымның қатарына енді. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлады.

QS World University Rankings by Subject 2026 пәндік рейтингісі бойынша, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Орындаушылық өнер» бағыты бойынша ТОП-100-ге еніп, 51-100 орындар диапазонында бағаланды.

Бұл — әлемдік жана рейтингілік көрсеткіште Қазақстан үшін ең жарқын нәтижелердің бірі әрі отандық музыкалық білім беру саласындағы маңызды жетістік. QS World University Rankings by Subject 2026 пәндік рейтингін халықаралық QS Quacquarelli Symonds талдау агенттігі жариялады. Биылғы рейтингте Қазақстаннан 13 университет ұсынылған.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com
Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4720
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,